



Первое собрание

С 11 по 19 февраля 2013 года проходили первые общефакультетские собрания первокурсников ЗКГУ им. М. Утемисова.

Проведение собраний не в самом начале учебного года, а по окончании первого семестра – не случайно. Первокурсники, по мнению организаторов мероприятия – воспитательного отдела во главе с проректором по ВРСВ Т.М. Даришевой и руководителем отдела М.И. Исатаевым, студенческого актива – должны адаптироваться в новом для них учебном заведении, пройти испытание первой сессией, обрести друзей.

В собраниях приняли участие руководство университета в лице ректора А.С. Имангалиева, проректоров, преподавателей кафедр. Для участников собраний были прочтены лекции, посвященные Посланию Президента страны Н. Назарбаева народу Казахстана, о необходимости соблюдения Законов, соблюдения Правил поведения студента. Э.Ж. Имашев призвал студентов со студенческой скамьи начать научные изыскания. «Для этого в нашем университете созданы все условия», – сказал Эдуард



Жусупович. Студенты были ознакомлены с Кодексом студента ЗКГУ. Выступили перед первокурсниками и гордость каждого факультета – активисты и отличники учебы с призывом не оставаться в стороне от факультетских дел, быть в гуще событий и высоко нести звание студента ЗКГУ им. М. Утемисова.

Были также обсуждены социальные вопросы и выбран актив всех семи факультетов.



Ертініші!

2013 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жүсіпқалиева Ғалия Қайдарқызының Ұлы Казимир университетінің ғалымдарымен (Быдгощ қ., Польша) бірлесіп жазылған «Cyclic Voltammetry and Impedance studies of undoped diamond films» (Вольтампериметрические и импедансные исследования нелегированных алмазных пленок) тақырыбындағы мақаласы Springer мәліметтер қорына кіретін «Materials Science-Poland» импакт-факторлы журналының бірінші басылымында жарияланды.

ПОДПИСАН МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

2 бет

Билік пен бұқара

3 бет

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНА

магистранттар да үн қосты

3 бет

Биение сердца

4 стр.

Жастарды

біріктіретін

күш – еріктілік

10 бет



ПОДПИСАН МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ

6 февраля в ЗКГУ произошло знаменательное событие – был подписан Меморандум о взаимном сотрудничестве между ЗКГУ им. М.Утемисова и Центром переподготовки, повышения квалификации и обучения государственному языку государственных служащих. На данное историческое событие были приглашены директор Центра А.Б.Сатбаев, начальник отдела учебного процесса Центра А.Т.Казиева, заместитель директора С.Д.Тулегенов, начальник отдела М.Р.Хаирбаев. На подписании также присутствовали ректор ЗКГУ А.С.Имангалиев, декан факультета экономики и управления Г.И.Нестеренко, завкафедрой «Экономическая теория и бизнес» Л.И.Мергалиева, преподаватели и студенты университета.

После показа фильма о ЗКГУ директор Центра А.Б.Сатбаев лишь развел руками.

-В ваших специалистах мы не сомневались. И предстоящее сотрудничество, подкрепленное подписанием Меморандума, уверен, будет взаимовыгодным.

Богатый опыт и знания преподавателей факультета экономики и управления ЗКГУ – неоценимый вклад в повышение квалификации государственных служащих. Меморандум дает возможность чтения лекций и проведение мастер-классов опытными преподавателями вуза, а также прохождение практики

студентами факультета в госструктурах.

-Очень правильно со студенческой скамьи готовить специалистов государственных служб, чтобы молодые люди видели, еще только обучаясь специальности, всю кухню государственной службы, обрели опыт и впитали этику госслужащего, учились теорию применять на практике, - сказал директор Центра А.Б.Сатбаев.

Специалисты Центра и преподаватели факультета экономики и управления ЗКГУ обсудили возможности взаимовыгодного сотрудничества.



ҚЫЗДАРҒА ӨСИЕТ

(Ақын А.Бақтыгереевамен кездесу)

Ақпанның 7-ші жұлдызында М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Ақжайықтың ару ақыны А.Бақтыгереевамен кездесу өтті. Кездесуге әр түрлі факультеттерде оқитын қыздарымыз қатысты. Бұрын-соңды Ақұштап апайды өз көзіммен көрмеп едім. Ақын апамызды көргенде қуанышым қойныма сыймады. Сөтін салып, біздің университетімізге келген апамызды барлығымыз қуана қарсы алдық. Бұл бір керемет тағылымдық кездесу болды.

Жайықтың жалынды ақыны өз сөзін өлең шумақтарымен бастады. Жүздесу барысында қыз баланың тәрбиесі, тұрмыс құру, оқу және т.б. өзекті мәселелері аясында ашық әңгіме болып, қызу талқыланды. Ақын бүгінгі қыз баланың ертеңі ана екендігін де айта кетті. Сондай-ақ кездесу барысында қазіргі таңда жастардың жылына 70 мыңы шаңырақ құрса, ал 28 мыңы ажырасып үлгергенін тілге тиек етті. Жастардың асығыс шешім қабылдап, кейіннен опық жеп, соңынан бармақ тістейтіндері қаншама?

Жалпы кездесу қыздармен болғандықтан, әңгіме қыз бала турасында өрбіді. Халқымыз қашан да қыз бала тәрбиесін жіті қадағалап, ерекше көңіл бөлген. Қазақтың «Қыз өссе елдің көркі», «Қызға қырық үйден тыйым» және т.б. көптеген мақал-мәтелдер, даналық сөздер, халқымыздың қыздар тәрбиесіне деген ықыластың ерекше екенін дәлелдей түседі. Қыз баланы қадірлеп, жырларына арқау еткен ақындарымыз қаншама? Солардың ішінде М.Шаханов, Т.Молдағалиев, М.Мақатаев сынды әдебиет өкілдері қыз балаға деген құрметтерін өлеңмен білдірген. Қазақ халқы қыз баланы әр қашанда жоғары бағалап, тәрбиесінің қалыптасуына көп көңіл бөлген. Бірақ, қазіргі кезде жаппай «батыстану» заманында қара көз қазақ қыздарымыздың бұзылып, әр түрлі теріс жолдарға түсіп, ар-ұятты ұмытып, көрінгеннің қолжаулығына айналып жатқандығы жасырын емес. Сонда кешегі халқымыздаң ардақтап, тәрбиелеп өсірген инабатты қыздары қайда? Дегенмен, көпке күйе жағуға да болмас, өйткені қазақы тәрбие көрген, ибалы да өнегелі қандас қыздарымыз қаншама...! Кездесу барысында мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 1 курс студенті Кенжеғалиева Айымгүл өзінің жүрек жарды өлең шумақтарын оқып, Ақұштап апамызды риза етті. Кездесуді ақын апамыз: «Қазақты әлемдегі ең мықты ел болуына ықпал етіңдер» -деген тілегімен аяқтады. Бұл кездесуден барлығымыз керемет көңіл-күймен тарастық. Осындай қазақтың ұшқыр ойлы ақыны, жанашыр апамыздың барына қуаныштымыз!

Бұл кездесуде «қыз бала – бақыттың көзі», -демекші, қазіргі



қоғамдағы келеңсіз оқиғалар, бүгінгі таңдағы қазақ қыздарының тәрбиесі секілді көптеген мәселелер аясында ой өрбіді. Кешегі түлек - бүгінгі студент, кешегі бойжеткен - ертеңгі асыл жар болатын аяулы қыздарымызға осындай тәрбиелік маңызы бар кездесулер жалғасын таба берсін демекпін, -дел өз ойын білдірді дәрісті мұқият тыңдаған дәстүрлі музыкалық өнер мамандығының 1 курс студенті Зинат Қасымова.

Меңтай ТАБЫЛДИЕВА,
мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 1 курс студенті

Ақпанның 7-сі күні университетіміздің мәжіліс залында белгілі журналист-қаламгер, мақала жазудың хас шебері Тихон Әліпқалимен кездесу кеші өткізілді. Ағамыз елуді еңсеріп, алпысты асырып, биыл 70-ке толып отыр. Бұдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын киелі қара шаңырағымыздың шәкірті болған, бүгінгі мерейжас иесінің мерейтойын құтты оқу ордамызда атап өту - біз үшін асақ мәртебе.

ЖЕТПІСТІҢ ЖИЕГІНДЕГІ ЖЕТЕЛІ ЖОРНАЛШЫ

Атаулы шараны ұйымдастыруға ұйытқы болған университетіміздің оқытушы-ұстазы, белгілі әдебиетші-ғалым С.Ғ.Шарабасов кешті басынан аяғына дейін өзі жүргізіп отырды. Мерейтой иесіне және арнайы шақыртумен келген барша қонақтарға тосын сый ретінде 2101-топ старостасы Әсел Әбдубали басшылығымен студенттер әзірлеген «Ел сөзін сөйлейтін аға» атты бейне-фильм көрсетілді.

Қаламгердің өмірі туралы бейнефильм қысқа ғана түсірілсе де, берер ақпараты мен тәлім-тәрбиесі молынан. Бейнефильмді тамашалау арқылы біз Т.Әліпқали ағамыздың ең қызықты сәттері А.С.Пушкин атындағы педагогика институтында, «Орал өңірі» редакциясында, Алматы партия мектебінде және Орал облыстық партия комитетінде өткенін білдік. Журналшының сұхбат алғандардың ішінде Асанәлі Әшімов пен Роза Рымбаева сынды таптырмас өнер адамдарын таныдық. Балалық шағы мен студенттік кезіндегі фотосуреттер аудиторияға ерекше рең беріп, кездесуге қатысушы әр қонақты айрықша көңіл-күйге бөлеп отырды.

Кейінгі кезекте филология мамандығының I курс студенттері ағамыздың «Төлеңгіттер тарихынан тәбарак» кітабынан үзінді оқыды. Ал домбырашы-термеші Фархат Оразаев Махамбеттің термелерін көпшілік назарына тарту етті.

Кештің арнайы шақырылған сыйлы қонақтары «Жайық Пресс» ЖШС-ның қызметкері, журналист Өтепберген Жүсібәлиев, облыстық мәслихаттың депутаты, «Еділ-Жайық» қауымдастығының сұлтаны Аманжол Зинуллин, ақын Мұнайдар Балмолда, «Исатай-Махамбет» қорының директоры Темірхан Елеубаевқа сөз кезегі ұсынылғанда, Тихон ағамыз туралы құнды естеліктерден құлаққағыс болдық. Өңіріміздегі саусақпен санарлық қаламгерлердің ішіндегі өзіндік орны бар, мақала жазудың ең мықтысы, бетке ұстар, алды екенін айта кетіп, қонақтарымыз Тихон ағамызға қаламының ешқашан мұқалмастығын тіледі. Ұйымдастырушылар тарапы мен келген меймандарға алғысын білдіріп, Тихон Әліпқали біраз өмірлік тәжірибесімен бөліскен кезде, оның кез-келген жағдайға жауапкершілікпен қарап, әр нәрсені жүрекке адамгершілікпен қабылдайтынын аңғардық. Өз сөзінде барша қауымды тал бойына ғана тән ерекше әзілмен тәнті етті.



Кездесу соңында университетіміздің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор-академик А.С.Имангалиев сыйлы қонағымыз, кеш себепкеріне деген құрметтің белгісі ретінде дәстүр бойынша иығына шапан жауып, университетіміздің талантты түлегіне ұзақ ғұмыр, шығармашылық сәттілік тіледі.

Кеш бойында асақ сезіммен отырған академик Қ.Жұмалиев атындағы әдеби бірлестіктің бір мүшесі өлең шумағын да шығарып үлгерді:

Міне, келді 70 жас та жүректі,
Айтпақпын шын ниетпен тілекті.
Құнды ойларды ақ параққа түсіріп,
Жақұт сөзбен талай шәкірт түлетті.
Тихон аға – елдің адал тұлғасы
Жасай берсін 80, 90, 100 жасы!
Қаламының сиясы еш таусылмай,
Көңілінде мұнды ойлар болмасын!

Ольга РАПАЦКАЯ,
филология факультетінің 1 курс студенті

Қыздар мектебі – қылықты қыздар тәрбиелеуді

(Кездесуден кейін түйген ой)

Осал да болма ойыңнан бекер алмасқан,
Өжет те болма орынсыз сөзге таласқан.
Алдымен қызға керегі пәктік, адалдық,
Содан соң, қалқам, жаз мінез керек жарасқан, - деген Ақжайықтың Ақ Шағаласы атанған ақын, қоғам қайраткері Ақұштап Бақтыгерееваның дәрісін тыңдап, оның жырларынан жалын, өмір жолынан өнеге үйренуге мүмкіндік алдық. Дәл осы күні ару қыздар бойларына қайтпас қайсарлық пен үлкен сезім ұялатып, өздеріне тірек болар екінші анасын тапқандай болды.

Бейкүнә сәбилік пен алаңсыз балалықтың базарына қол бұлғап:

Бір кезде құндағыңа сыйған сәби,
Үйіңе сыймай кетсем кешір, ана – деп ақын үйлерінен жырақта жүрген қаракөздерге әуелі отбасылары мен ата-аналарына деген мейірімдерін шыңдау мақсатында, ата-ана хақы, қазақтың қылықты қыздарының бойындағы құнды қасиеттері турасындағы өрбіткен әңгімесі қыздарға үлкен әсер сыйлады.

Кісілік пен кішілікті ниет еткен шаралар көп болып, жастарымыздың қылықты студенттік күндері тек олардың жадында жақсы оқиғалар мен тәлім-тәрбиеге толы болғай. Ел анасы атанған Ақұштаптай анамыздан аларымыз әлі көп екеніне сеніміміз мол.

Назерке НУРСЕЙТОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс студенті



Билік пен бұқара

(Облыс әкімі Нұрлан Ноғаевтың облыс тұрғындарымен есептік кездесуі)

ҚР Президенті жарлығымен аудан, ауыл, округ әкімдері есептік кездесулер ұйымдастыруда. Осыған орай, ақпан айының 20-шы жұлдызында Батыс Қазақстан облысының әкімі Нұрлан Асқарұлы Ноғаев халықпен кездесіп, жиын өткізді. Бұл кездесуге басшылар, мемлекеттік қызметкерлер, БАҚ өкілдері қатысқан болатын. Маңызды жиынды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы да тікелей эфирде он-лайн режимінде тамашалауға мүмкіндік алды.

Нұрлан Асқарұлы өз сөзінде өткен жылдың қазақстандықтар үшін ұмытылмас сәттерге толы сәтті жыл болғандығын, Елбасының салиқалы саясатының арқасында әлемдік аренада жемісті жетістіктерге қол жеткізгенімізді баса айтты.

Заң шығарушы органдар, депутаттар елеулі қызмет атқарды, Лондон олимпиадасының қорытындысынан – Ұлт басшысының спортқа деген қамқорлығын айқын аңғаруға болады, Елбасының «Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» мақаласы бойынша тапсырмалар жүзеге асырылып, жалғастырылуда және «Қазақстан-2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы негізгі мақсат-міндеттерді айқындап берді, Ватиканда өткен діни және әлемдік діндердің

Жанерке Тапаева, шет тілі: екі шет тілі мамандығының 2 курс студенті, «Томирис» қыздар клубының төрайымы

Облысымызда іске асқан жұмыстар туралы Батыс Қазақстан облысының әкімі Н.А.Ноғаевтың облыс халқымен есеп беру кездесуі өткізіліп, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ұжымы да бұл жиынды он-лайн жүйесінде тыңдай алды. Баяндама барысында құрылыс жо-спарында әлеуметтік және мәдени маңызы бар объектілердің құрылуы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың жаңғыртылуында көптеген жұмыстар жасалғаны жөнінде атап өтілді. Облыс әкімінің есебінде маңызды міндеттер белгіленген және оларды біздің об-лысымыз табысты іске асыра отырып, республикалық алдыңғы қатарлы өңірлердің біріне толықтай лайықты түрде кіруде. Еліміздің қарқынды өсіп, көркеюі ол Н.А. Ноғаев ағамыз секілді ағалардың еңбектерінің арқасы деп білем.

Еліміз көркейіп, тұрмысымыз жақсара түсуі үшін жастар сапалы біліммен қарулануы тиіс деп білемін.

О внедрении Проекта «Модернизация преподавания в школе посредством взаимосотрудничества Высшего учебного заведения - Городского отдела образования - Средней общеобразовательной школы».

Обсуждение за круглым столом

18 февраля 2013 года на базе ЗКГУ проведено совместное заседание по проекту «Модернизация преподавания в школе по-средством взаимосотрудничества Высшего учебного заведения-Городского отдела образования- Средней общеобразовательной школы». На заседании присутствовали деканы факультетов, руководители кафедр, директора школ, заместители директоров по методической работе.

Заседание открыл Аманбаев Аскар Саинович: «Президент страны в своем Послании «Казахстан-2050» большое внимание уделяет приоритетам в сфере образования, верно отмечает, что «знания и профессиональные навыки— ключевые ориентиры современной системы образования, подготовки и переподготовки кадров. Высшие учебные заведения не должны ограничиваться лишь образовательными функциями. Предстоит провести мо-дернизацию методик преподавания и активно развивать онлайн-системы образования, создавая региональные школьные центры». Внедряя Послание Президента в жизнь, Западно-Казахстанский Государственный университет им. М. Утемисова, Отдел образования города Уральска и городские средние обще-образовательные школы № 1, 7, 21, 27, 38 готовятся заключить договор о взаимосотрудничестве на 3 года до 30 декабря 2015

года. Предмет договора: повышение квалификации педагогов и руководителей учреждений образования, совершенствование педагогического мастерства, развитие творческого потенциала, распространение передового педагогического опыта, подготовка резерва участников олимпиады по предметам из числа одарён-ных детей, профориентационная работа с учащимися школ.

На заседании был подробно изучен каждый пункт договора, рассмотрены обязанности трёх сторон: ВУЗа, отдела образо-вания и школ города, составлен план работы по реализации Проекта, утверждены сроки, ответственные за мероприятия. Аналогичный план работы составлен в школах, созданы творче-ские группы учителей- предметников, на совещаниях учителей школ до сведения коллектива доведена информация о внедрении Проекта. Данный проект необходим как ВУЗу, так и школам: раз-витие системы образования вступает в новый этап, связанный с реализацией Государственной программы развития образования на 2011-2020 гг., а также основных задач Послания Президента Н.А.Назарбаева «Казахстан-2050».

Гульмира ТАСЕМЕНОВА, заместитель директора по НМР СОШ № 21 г. Уральска

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНА МАГИСТРАНТТАР ДА ҮН ҚОСТЫ

Ақпан айының он екінсінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы мен ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің ұйымдастыруымен Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын талқылауға арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бұл басқосуға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми істер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтар, т.ғ.к., тарих және құқық факультетінің деканы С.М.Ғиззатов және магистранттар мен студенттер қатысты.



РЕКТОРАТТА

Ақпан айының он сегізінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректораты оздырылды.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Физика-математика, мәдениет және өнер, экономика және басқару факультеттеріндегі профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің академиялық ұтқырлығы туралы факуль-тет декандары - А.Б.Медешова, Г.И.Нестеренко, 21.01.2012 жылғы №5 ректорат шешімінің орындалуы, факультеттерде элективті пәндер каталогы, мамандану, оқу үрдісінің кестесі, түлектерді жұмысқа орналастыруды қалыптастыру бойын-ша жұмыс берушілер және сараман базасымен жұмысты ұйымдастыру туралы есептің қаулысын бекіту жөнінде фило-логия факультетінің деканы Қ.Т.Утегенова сөз сөйледі.

Жиырма бесінші ақпанда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі өтті.

Құттықтау:

Тарих ғылымдарының докторы, бірінші проректор Тасмағамбетов Әсет Сембайұлын 50 жасқа толу мерейтойы-мен университет ұжымы құттықтады.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Күндізгі оқу түрі студенттерінің қысқы сынақ-емтихан сессиясының нәтижесі туралы оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ғ.Қ.Жүсіпқалиева, университеттегі кәсіби бағдар беру мәселелері жөнінде мансап орталығының дирек-торы А.С.Аманбаев, Қазақстан тарихы пәнінен мемлекеттік емтихан комиссиясы төрағаларының есебін бекіту туралы комиссия төрағалары Қадырғалиев Нұрболат Меңдіғалиұлы, Құрманалин Самат Бақытжанұлы, магистранттардың қорытынды мемлекеттік аттестациялары бойынша комис-сия төрағаларының есептерін бекіту жөнінде кафедра меңгерушілері, университетішілік М.Өтемісов, А.С.Пушкин, М.М.Тілеужанов, А.Д.Тайманов, В.В.Иванов атындағы атаулы шәкіртақы-лардың көлемін өсіру туралы тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Дәрішева Түймеш Малбағарқызы, информатика кафедрасын бөлу туралы физика-математика факультетінің деканы Медешова Айгүл Бақтығалиқызы, Ресей халықтар достығы университетімен бірлесіп магистранттарды дайындау келісімшартын бекіту туралы экономика және басқару факультетінің деканы Нестеренко Галина Ивановна, дайындық бөлімінің шығындар сметасына өзгеріс енгізу туралы мансап орталығының директоры Аманбаев Асқар Сайынұлы, жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған білім алушылардың тамағына бір күндік шығындар нормасын бекіту туралы бас есепші Бегеева Мира Қобландықызы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Қазақстан халықтары Ассамблеясының БҚО қызметіне қатысуы туралы стратегиялық даму және сапа департаментінің директоры Юров Олег Винальевич, ф-м.ғ.к., доцент Жұмағалиева Айсұлу Елтайқызының «Салу есептерін шешудің әртүрлі әдістері» оқу құралын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар бой-ынша РОӘК-нің грифін алуға ұсыну туралы ғылыми хатшы Ниетова Айгүл Серікқызы баяндады.

А.НИЕТОВА, ғылыми хатшы

Жиынды ашқан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми істер және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтар «1997 жылы Елбасымыз Қазақстан-2030 стратегиясын қабылдаған болатын, міне, сол бағдарлама мерзімінен бұрын өз мәресіне жетіп, яғни өз жемісін беріп, қазіргі таңда «Қазақстан-2050 стартегиясын» қабылдап отырмыз. Мемлекет алдында тұрған ең басты мақсат, ғылымды дамыту болып отыр. Экономикалық-әлеуметтік жағдайды дамытатын тек ғылым, ал ғылымды жасайтын жастар» дей отырып, Елбасымыздың «Болашақ» бағдарламасы, «2050 стратегиясы» болашақ үшін, жастар мүддесі үшін жасалып отырған дүние екендігін атап өтті.

Сөз кезегін алған т.ғ.к., тарих және құқық факультетінің деканы С.М.Ғиззатов «Н.Ә.Назарбаев Жолдауындағы білім, ғылым және жастар мәселесі» бойынша өз ойын ортаға сала отырып, қазіргі таңда университет студенттеріне шет елдерде білім алуларына толық мүмкіндік жасалып отырғандығын, Польша, Германия, Корея елдерінен дайындық курстарынан өтуге студенттердің мүмкіндігінің мол екендігін атап өтті.

Басқосуда тарих мамандығының 1 курс магистранты С.Сақауова «Білім беру саласындағы әлеуметтік жауапкершілік жүйесін дамыту» атты баяндамасында бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек екендігін, «Қазақстан-2050» жаңа бағытын ескере отырып, Үкіметке 2013 жыл-дан бастап халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін да-мытуды қамтамасыз ету туралы тапсырма берілгендігі туралы сөз қылса, А.Жаркемалиева инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты төңірегінде маңызды мәселелерді көтерді.

Сонымен қатар, магистранттар - Г.Жуматаева «Жаңа Қазақстандық патриотизм», Г.Бержанова «Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлығы», А.Шарипова «Ел экономикасы дамуының басты кепілі - шағын бизнесті дамыту» атты баяндамаларын талқыға салып, пікір алмасты.

Биология мамандығының 2 курс студенті Ранова Балзияш латын әрпіне көшу мәселесі жөнінде өз ойын ортаға сала отырып, «бұл - біз үшін жақсы бастама, егер біз бірігіп жұмыла жұмыс жасасақ, бұл мәселе де біз үшін алынатын қамал екеніне сенемін, еліміздің болашағы, көркеюі үшін жақсы бастама деп ойлаймын» дей келе, БҚМУ ғылыми кітапхана директорына және кітапхана ұжымына алғысын айтып, осындай шаралар жиі болса студенттер үшін игі бастама болар еді,- деген өз ойын білдірді.

Ғылыми кітапхана

«Ғылымда кең даңғыл жол жоқ, сондықтан оның сәулетті шыңына шаршап-шалдығудан қорықпайтын, оның тасты соқпақтарымен тырмысып өрлей беретін адам ғана шыға алады. Тек ақиқат білім ғана күдік туғызбайды, ол өмірді бағалауға, тұрмыс құруға үйретеді» .
Шоқан Уәлиханов

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Ғылым – тамшылай төгілген тердің, тынымсыз еңбектенген ізденістің, оқыған үстінде оқып, белгілі бір дәлелдеу мен дәйектеудің түбіне тереңдеп бойлаудың, машақаттанудың жолы. Ғылымда даңғыл жол жоқ. Бұлтарысы көп, бұралаңы мол, тайғанап, тайып, қайта жығылып, қайта ілгері ұмтылуды керек етеді. Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген ғалымдардың бірі – Әсет Сембайұлы Тасмағамбетов.



Жуырда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғалымдар оқу залының меңгерушісі Талшын Сәлімқызы Нашинова мен бір топ магистранттардың ұйымдастыруымен тарих ғылымдарының докторы, белгілі ғалым Тасмағамбетов Әсет Сембайұлымен кездесу өтті. Аталмыш шараға білім ордасының 1,2 курс магистранттары қатысты. Кездесу барысында өз өмірін ұрпақ тәрбиелеуге, еліміздің ғылым көкжиегін кеңейтуге арнаған Әсет Сембайұлы жөнінде дайындалған презентация көрсетілді. Сөз кезегін алған Әсет Сембайұлы өз өмірі мен қызметі, студенттік шағы мен ғалымдық жолы жайында магистранттарға мол ақпарат берді. Басқа саланы емес, тарихты таңдауы, алғашқы білім нәрімен сусындатқан ұстаздары, ғылым жолына келуі, кездескен қиын кезеңдері мен қызықты сәттері жөнінде айтып өтті. Магистранттар кеш қонағына өздерін алаңдатып жүрген мәселелер төңірегінде сөз қозғап, сұрақтар қойды. Университет магистранттары атынан мәдениет және өнер факультетінің 1 курс магистранты Қуаныш Қисметов сөз сөйлеп, Әсет Сембайұлына ғылым жолында толағай табыстар мен зейінді де білімді шәкірттерінің көп болуын тіледі.

Ғылымға, білімге, оқуға, әсіресе кітапқа жақсы көзқараспен қарау, адамды табанды, ынталы оқуға жетектейтін шешуші ұйтқы болып табылады. Оқып үйренбесең, өнерге де, даналыққа да қолың жетпейді. Білу ғана аз, сол білгеніңді іс жүзінде қолдана біліп, басқаларға үйрету - нағыз білімнің ісі. Бұл сөздер кездесу кейіпкерінің келбетін ашты деп ойлаймын.

Мейрамгүл СРАЛИЕВА,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың
2 курс магистранты

Қызықты тренинг серпін берді

Тарихының өзі тым тереңде жатқан университетімізде түрлі ұйымдар мен білімді де білікті студенттерден құрылған пікірталас клубы жұмыс жасайды. Ақпарат қарқынды дамыған мына заманда жастардың белсенді болуы заңды да, өйткені қазіргі қоғам талабы білімді қажет етеді.

Құрылғанына біраз болған «Жас экономист» ұйымы өзінің бағыты мен бағдарын нақты айқындап алған. Бұрындары тек сол факультеттің студенттері ғана ұйымға мүшелікке өтсе, қазір олай емес. Жаңа көшбасшы Мырза Еркебұлан басшылық жасайтын бұл ұйым былдан бастап өз құрамына өзге факультеттің кілең «сен тұр, мен атайын» дейтін студенттерін қабылдапты. Түрлі шаралар мен кездесулерді өз деңгейінде өткізіп жүрген бұл ұйымның алдағы атқарар жұмыстарының жоспары мен міндеттері тіптен көбейе түскен десек те болады. Ұйымдағы әр студенттің өз міндеті бар. Өз міндетін тиянақты атқару арқылы өздерін көрсетуге де мүмкіндіктері мол. Ұйым мүшелері арасында түрлі іс-шаралар да ұйымдастырылып тұрады. Ақпан айының 22-ші жұлдызында тренинг оздырылды. Тренингті психолог Альфия Сырымқожақызы жүргізіп, мақсаттары мен міндеттеріне қысқаша тоқталып өтті. Тренинг қызықты әрі тартымды болды. Тренингтің бір жақсы тұсы әр студенттің ортаға бейімделуі мен өз ойын жеткізе білуін одан әрі дамыта түсетіндігін кеш барысында аңғардық. «Мұрынмен амандасу», өздерінің есімдерінің бастапқы әріпінен келетін сын есімді айтып, қарсыласына кезегін беру секілді тренингтің ішіндегі көңілді ойындар көптің көңілінен шықты. Есте сақтау қабілеті тексерілетін тренингтің осы бір ойынының аса пайдалы екендігін атап айтсақ артық болмас деп ойлаймыз. Одан кейін де тартымды ойындар ойнатылып, қатысушылардың көңілдері көтеріліп, тренингті өткізген жандарға өз алғыстарын жаудырды.

Бұл тренинг «Жас экономист» ұйымына тың серпін беріп, алдағы атқарар жаңа істеріне жол ашады деп білеміз. Олай болса, барша студент қауымы атынан аталмыш ұйымға толағай табыс, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Жанайдар БОЛАТБЕКҰЛЫ,
«Жас экономист» ұйымының тілшісі

ПРОФОРИЕНТАЦИЯ учащихся школ Сырымского района

С 13 по 16 февраля проводились профориентационные работы в школах Сырымского района преподавателями разных факультетов ЗКГУ. Абитуриенты всесторонне ознакомились с деятельностью вуза. Надеемся, что они сделают правильный выбор, и уже в сентябре следующего года мы увидим их в стенах нашего альма-матер в качестве студентов!



В течение 2012-2013 учебного года преподавателями разных факультетов ЗКГУ, вели активную профориентационную деятельность среди выпускников школ города, районов и колледжей. Проводимые мероприятия направлены на привлечение абитуриентов в вуз, в частности, на экономический факультет.

Преподаватели рассказали о перспективах обучения в нашем университете, ознакомили учащихся с правилами приема, направлениями подготовки и специальностями, по которым ведется обучение, продемонстрировали презентации о вузе и факультетах. Широкой аудитории были представлены презентационные материалы, видеоролики, буклеты, газета «Оркен» и календари. Ведь на нашем вузе большое внимание уделяется не только организации учебного процесса, но и вопросам воспитания студентов с целью формирования активной творческой личности, адаптированной к современным жизненным условиям, гражданина с чувством долга, ответственности, собственного достоинства, с высокой культурой и моральными качествами.

Проведение воспитательной и нравственно-эстетической работы со студентами осуществляют кураторы, деятельность которых организуют и контролируют декан и заместители декана. Кроме того успешно работает студсовет, студенческое научное общество, спортклуб и другие направления активной студенческой жизни.

А.К.ТОГЖАНОВА,
факультет экономики и управления, кафедра
«Учет и финансы»

Олимпийский огонь – в ЗКГУ

Ежегодно в студенческой среде нашей страны проводятся предметные олимпиады. Это серьезная проверка эрудиции лучших из лучших в своей области.

В прошлом 2012 году республиканская студенческая олимпиада по географии проходила в г. Актобе, где в личном зачете первое место заняла студентка естественно-географического Светлана Ағалиева.

По положению МОН РК следующим хозяином игр становится университет победителя. Именно поэтому в этом году в нашем университете 26-27 марта будет проходить республиканская предметная олимпиада среди студентов вузов по географии. Университет готовится к этому событию. Все желающие могут принять участие в олимпиаде, команда формируется.

восторг. «Жизнь прекрасна!» – хотелось кричать на весь вокзал. И мое сердце стало так быстро биться.

Почему же не дать всем нашим сумасшествиям шанс поднять нас до небес?! А тем людям, которые нам говорят, что у нас ничего не получится, мы культурно попросим постоять в сторонке.

И поскольку настроение всегда бывает разным, то пусть же чередуется хорошее с прекрасным, и пусть наша жизнь всегда искрится позитивом. Не дадим места унынию. Находите время для себя самого, ведь жизнь конечна. Жизнь у нас одна, и прожить ее нужно в режиме нон-стоп, чтобы было что вспомнить!

Асем МЫРЗАБАЕВА,
студентка 2-го курса 07207
«Регионоведение»

■ Лирическое отступление

Однажды, сидя на вокзале за чашкой кофе в ожидании свою подруги и наблюдая за картиной приезжающих и уезжавших людей, меня заинтересовала одна дама, которая сидела за соседним столиком. Она отличалась от всех людей в кафе, она просто сияла позитивом и счастьем. Я просто подошла к ней и поздоровалась, и как только мы познакомились, у нас завязался разговор. Вдруг она мне сказала: «Я хочу тебе сказать несколько слов о жизни»...

И тогда она рассказала: «Жизнь - это слова, которые не может объяснить ни один словарь, ведь у каждого из нас свое понятие этого слова ... Это прогулка по дорожкам радуги и танцы под дождем, полеты за горизонт. Ведь наша жизнь, как океан: порой бывает тихим и волшебным, а порой шумным и непонятным, но мы всегда можем насладиться золотистым песком на его лазурных берегах, не смотря ни на что... Конечно, при желании. Наши дни стали черно-белыми, и нам никогда не хватает времени даже на самые мелкие радости, мы просто летим куда-то на разных скоростях, облетая все вокруг. Желание - это тот огонь, который мы должны зажечь, чтобы активировать все жизненные

услуги на планете Земля, и при желании можно всегда достать ключи даже от семи небес. Но все это нам никак не повернуть без любви... Любовь - это та волшебная палочка, которая может перевернуть все мерки, поменять все планы и маршруты судьбы, но она порой бывает так непонятна... Ведь любя, мы можем сделать все возможное и невозможное и побить все рекорды мира легким движением руки. И никогда не нужно держаться за людей, которые не хотят оставаться в вашей жизни. Просто отпускайте их, как бы это тяжело ни было, и всегда от чистого сердца желайте им всего хорошего... После этого просто сожгите все мосты, ведь чувства - это святое».

Если ты хорошо знаешь человека, то можно узнать, с какой интонацией он говорит те фразы, которые он произносит. Я совсем незнакома с этой дамой, но видела, как глубоко она размышляет о жизни.

Биеение сердца

Между тем она продолжила: «Жизнь прекрасна, и она ждет, пока мы откроем ее во всей красе. Она ждет, пока мы ее зажжем. Жизнь - это взлеты и падения. Но почему бы нам не поменять слово «падение» на фразу «комфортная посадка», и тогда наше путешествие на борту этой жизни будет нам в кайф. Мы всегда сможем устроить лето даже среди самой снежной зимы, и лето будет нам завидовать, а если надо будет устроить зиму среди жаркого лета, то не вопрос – сделаем. Все, все, все в моих руках, стоит только взять и сделать».

А на последок она мне прошептала, что человек, о котором так часто думаю - это моя судьба.... От всей души я хотела поблагодарить ее за все эти драгоценные слова, которые выпалили с ее уст. Но когда я еще раз на нее посмотрела, она просто исчезла непонятно куда... После этого разговора я ощутила внезапный



Улданай БАХТИКИРЕЕВА, д.филол.н., профессор,
17 февраля 2013 года, Москва (Печатается в сокращении)

ЧРЕЗВЫЧАЙНЫЙ И ПОЛНОМОЧНЫЙ ХУДОЖНИК ДЕВЯТОЙ ТЕРРИТОРИИ МИРА

...Наверное, все-таки, не зря мы большого мастера – будь он поэтом, композитором, танцором – называем Художником с большой буквы. Для меня человек, ищущий Красоту, жаждущий ее, преданный ей и восхищающийся ею – Художник, кто бы он ни был по профессии.

(Б. Каирбеков. Ассиметричные лица, 1993).

Жизнь человека во многом определяется и структурируется благодаря личностям, которые встречаются на земном пути. Особое место в ряду моих соплеменников, которыми горжусь, занимает герой этой статьи.

Первая живая встреча с Бахытом Каирбековым – поэтом и писателем, режиссером и переводчиком с казахского языка на русский – произошла в 2002 году в Риддере Восточно-Казахстанской области на Первом Молодежном Информационном Форуме «Кольцо Евразии».

Нельзя сказать, что Бахыт – человек закрытый и не коммуникабельный. Загадочность, задумчивость, предельная сдержанность и немногословность этого человека остается привлекательной для многих знающих его людей. Добрых десять лет нашего знакомства и проведенных вместе с ним творческих встреч с учеными, преподавателями, студенческой молодежью и общественностью Москвы расширили границы моего мировидения и студентов РУДН и других московских вузов. Но до сих пор этот человек ассоциируется в моем сознании с «задумавшимся скифом», видимо, потому что целостность личности Бахыта и его творчество невозможно разделить, разложить и вложить в папки и полочки.

В отдельных проявлениях современной казахстанской культуры² неординарный российский ученый с ризоматическим мышлением Мадина Тлостанова отмечает созидательный момент ре-экзистенции (re-existence)³ – «вос-создание позитивных жизненных моделей, миров и самоощущения, преодолевающего несовершенство и несправедливость мира. Это импульс не отрицания, не разрушения, а именно созидания чего-то иного, идущего своим путем, снимающего противоречия мира и его восприятия человеком».

Со всей определенностью сказанное относится к многогранному творчеству не западного и не мейнстримовского (пост-)советского интеллектуала, свободного от культурных стереотипов, мимикрирующих моделей, медиа-образов, от ощущений колониальной ментальности и пребывания на обочине мировой культуры – поэта, переводчика, исследователя-ученого, режиссера – Бахыта Каирбекова. Его поэзия, проза и кино – это размышления о своей субъектности, роли, призвании, обязательствах. Его переводы – это точность, максимальное следование заложенному смыслу в оригинале; отсюда их ценность. Его научные работы (в т.ч. в научных журналах ВАК РФ) – образцы для молодых исследователей и ученых. Но не только для молодых. «К чему лукавить?». И некоторым «маститым ученым» со всеми званиями и степенями эти статьи следовало бы почитать. Хотя бы для того, чтобы при «ваянии» своей ясно ставить проблему, выявить нерешенные аспекты, предложить свое видение и решение проблемы в прозрачных формулировках. Невольно вспоминаются слова Олжаса Омаровича о том, что наукообразие не заменяет собой науку:

«Платон и Аристотель писали ясно. Иные диссертации, посвященные их трудам, прочесть возможно, но уразуметь их смысл так же трудно, как содержание этрусской 'Книги мертвых' на полотне, обмотанном вокруг мумии.

По природе своей общественные науки должны быть хотя бы понятны обществу, иначе они не выполняют своего назначения. Самые глубокие и тщательные исследования дисциплин, которые принято называть также мировоззренческими, обязаны быть научно-популярными. Популярность, то есть народность изложения, должна стать одним из главных критериев оценки значимости произведения гуманитарной науки».

Олжас Сулейменов

«Я хочу обогреться у очага своей культуры», - пишет Бахыт.

Создавая собственные принципы, вырастающие из соответствующей локальной истории, гео- и телесной политики знания, Бахыт созидает процесс чувственного (визуального, слухового) восприятия (эстетизис). Его понимание прекрасного и безобразного, добра и зла, правды и лжи, связанна с собственным пониманием природы эстетизиса, целей искусства и творчества, его онтологического, этического, экзистенциального и политического статуса. Этот процесс обогащает наш собственный опыт постижения окружающей действительности, примиряет сознание и душу, освобождает от комплексов неполноценности. Очевидно, поэтому современное молодое поколение, свободное от советской риторики, внутренне качественно свободнее старшего поколения и очень не однородное, легко говорит с Бахытом.

К сожалению, это далеко не всегда способны понять и принять идеологи и политиканы, пытающиеся формировать современную национальную эстетику, а затем *подсовывать ее в качестве нормативной*. И, видимо, рано пока говорить о воплощении творческой мечты Бахыта-режиссера создать свой фильм «Борат - 2», который бы стал определенной бифуркационной точкой в визуально-слуховом восприятии казахов в мире.

Ә.Н.Назарбаеваның «Жандану» экологиялық-ағартушылық жобасына орай

Қоршаған ортаның бүкіл табиғи байланысы, сол сияқты адам әрекетінің басымдылығы мен соның ішінде ғылыми-техникалық қоғам өміріне жедел енуімен ХХ ғасырдың орта шенінен бастап, географиялық ортаның күрт өзгеруі – экология терминіне жаңаша ғылыми көзқарас қалыптастырады. Соңғы он жылдың ішінде экология ғылымының жаңа құрылымы басталды. Бүгін күрт өзгерген экологиялық мәселелерді шешуде адамның өзі жасап отырған күрделі ғылыми жетістіктерін ендігі жерде табиғи ортаны, адам баласының болашағын сақтау, табиғатты қорғау және тиімді пайдалану үшін керек.

Адам – табиғаттың туындысы, онсыз өмір сүре алмайды.

Адам – биоәлеуметтік тіршілік иесі, яғни табиғаттан пайда болып, соның ішінде өмір сүреді, есейеді, қартайды, аяғында табиғаттың заңдылығына сай өмірден өтеді. Бірақ осы аралықта өмір сүру деңгейінің әлеуметтік жағын өзгерте алады.

Табиғат – адамзаттың тіршілік ететін ортасы, сондықтан ол оның көптеген сұраныстарын қанағаттандыратын шикізат көзі болып саналады.

Дүние жүзінің көптеген мемлекеттері өзекті экологиялық жағдайларды қалай шешудің жолдарын қарастыруда. Егер жалпы жүйелі құрылымдық әдіспен айтатын болсақ, олардың арасындағы жүйелі байланысты «адам – қоғам - табиғат» деп айтуға болады. Бірнеше саналы, өз ойын ашық білдіретін және өмірден өз орнын тапқан адамдар тобы бірігіп, қоғам құраса, сол қоғамның қоршаған табиғи ортаға деген экологиялық білімін жетілдіретін – ойлау дәрежесі өзгеше

тұлға. Сондай тұлғалардың бірі - Әлия Нұрсұлтанқызы Назарбаева. «Жандану» экологиялық-ағартушылық жобасының авторы бола білген Әлия Нұрсұлтанқызы игілікті ісімен дүйім жұртты, әсіресе жастар қауымын бір таңқалдырған болатын.

Осындай адамзат тағдыры үшін маңызды жоба халықаралық дәрежеде талқыланып жатқан кезде, үнсіз қалу қолымнан келмеді.

Аталған жобаның негізгі мақсаты бұл айналаны көгалдандыру және халыққа экологиялық білім беру болып табылады. Осындай алып, көкейкесті жобаның өз жалғасын табуда өзіміздің ойымды жоба авторына ашық білдірген едім.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде адамзат баласы ғылыми-техникалық революция ғасырын ба- сынан кешіп жатыр. Өндірістің жеделдеп дамуы, өз пайдасымен қатар зиянын тигізуде. Ауаға бөлінетін көмірқышқыл газының көп мөлшерін, жоба авторы көгалдандыру арқылы жойғысы келетінін анық білдіреді. Бұл - тек Қазақстанның ғана экопроблемасы емес, ғаламдық деңгейде талқылануы керек мәселе. Өйткені, көмірқышқыл газының ауада көптеп жинақталуы, «Ғаламдық жылынуға» әкеп соқтыратындығын көптеген ғалымдар осы күнге дейін айтып келген болатын. Күллі ғаламның тағдыры шешілетін кесепатты ұйымдастырушы да, одан жапа шегуші де адам екенін естен шығармауымыз керек. Сол себепті адамзат тағдырына алаңдаған кейбір ғалымдар энергияның жаңа көзін қарастыруда. Алайда жер жүзін барынша қамти алатын өзге энергия көзі пайда болғанша, оның орнын бұрынғы мұнай өнімдері басып тұрмақ.

Қала экологиясынан баз кешкен адамдар экологиялық таза тұрғылықты жер іздеу мақсатында ормандар мен тау бөктеріне кетеді. Кейбіреулері қала өміріне қайта оралса, ал кейбіреулері сол жақта дүние салады. Яғни бұдан шығатын қорытынды: адам жұмыс орнын, тұрғылықты жерін болашақ ұрпағының денсаулығы жақсы болуы үшін тастай алады. Бірақ барлығының бұлай орман жағалап кетуіне болмайды, тек қалыпты өмірден қажыған адам ғана мұндай шешім қабылдай алады. Өйткені біз дамушы ел екендігімізді естен шығармауымыз керек. Алға қойған мақсатымыз анық, болашағынан зор үміт күттіретін мемлекетпіз.

Табиғат қорғау ісі бойынша Қазақстанда жыл сайын түрлі шаралар мен акциялар өткізілуде. Бірақ «Жандану» жобасының самғар биігі әлі де алда деп ойлаймын.

Айбар МУРЗАБЕКОВ,
химия мамандығының 3 курс студенті

■ Аккумский заповедник - 20 лет

Когда мы едем по трассе Орал-Актобе и подъезжая к перекрестку районов Чингирлау и Каратобе, видно местность, как большой город это – Аккум.

В связи с этим прежде всего необходимо из атмосферы воздуха получить углекислый газ. Для этого воздух можно вымораживать, разделять с помощью пористых мембран или соединять при определенных условиях с газообразным аммиаком. При этом образуется углекислый аммоний, который легко разлагается на аммиак и диоксид углерода под действием тепла. Полученная чистая углекислота является продуктом для дальнейшего синтеза нефти, разлагая ее на оксид углерода (угарный газ) и кислород. Реакция разложения углекислоты требует больших затрат энергии, которую проводят в атомных реакторах при температуре 5000 °C в присутствии катализаторов. А далее оксид углерода синтезируют с водородом, и можно получить «небесную» нефть. Процесс получения синтетической нефти является одним из наиболее перспективных путей ограждения среды от загрязнения и может быть полностью комплексным автоматизированным процессом.

Синтезирование нефти из воздуха позволяет поглощать углекислый газ, уменьшение концентрации которого приведет к предотвращению глобального потепления, таяния ледников и т.д.

Тяга человека к природе растет. Ежегодно в нашей стране, покинув городской уют, люди уходят жить на природу, образуя так называемые экопоселения. И это не банальный побег от цивилизации, а образ жизни, при котором человек стремится не подчинить природу для своей бытовой выгоды, а, используя высокие технологии и при этом не нарушая природной гармонии, вписаться в окружающий мир.

Часто можно услышать о любви к природе. Однако наша любовь к природе не должна носить потребительского характера. Слово «любить» должно у нас отождествляться со словом «беречь».



Наш дом - планета Земля - это всего лишь маленький голубой корабль, летящий в суровом и недоброжелательном космосе. Ю.А. Гагарин записал в своем дневнике: «Облетев Землю в корабле-спутнике, я увидел, как прекрасна наша планета. Люди, будем хранить и преумножать эту красоту, а не разрушать ее!» От каждого из нас зависит судьба живой и неживой природы. Проблема охраны окружающей среды должна стать государственной проблемой в каждой стране. Рациональное использование ресурсов биосферы, минеральных ресурсов Земли, бережное отношение к природе - единственно возможный путь спасения живой среды и самого человечества.

Айбар МУРЗАБЕКОВ,
студент 3 курса ЕГФ

Жастарды біріктіретін күш - еріктілік

2012 жылдың 14 ақпанынан бастап БҚМУ еріктілер тобы құрылып, әр түрлі мамандықтар бойынша білім алып жатқан ерікті, жігері күшті, альтруист студенттерден жиналған топ құрылды. Негізгі мақсат - өзіне емес, өзгеге көмек қолын созатын, жана-шыр, үлкендерге көмегін аямайтын студенттердің бос уақытын ұйымдастыру. Университетте былтырғы жылы құрылған сол топқа 1 жыл толып отыр. Осы аз уақыттың ішінде жасалған істер аз емес. 1 жылдың ішінде еріктілер 30 студентпен толығып, облысымыздағы «Қариялар үйімен», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» тағы басқа облыстағы орталықтармен тығыз байланыс орнатты. Еріктілермен жұмыс жасау барысында, шаралардың легі - ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен достық қарым-қатынас орнату, салауатты өмір салтын насихаттау, дәстүрлі мерекелерді дәріптеу, қарияларымызға бір сәт күлкі сыйлау мақсатында өтуде. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас,- дегендей, ынтымақтастықта жұмыс жасаған еріктілер тобының құрамындағы студенттерімізге алғысымыз шексіз.

Сөз кезегі еріктілер ұйымының құрамында еңбек еткен студенттерде:

Балалар ауылына барғанда...

Зухра Айтуарова, 01106-топ студенті:

- Жаңа жыл қарсаңында волонтерлермен бірге Балалар ауылына барған болатынбыз. Уақытымыздың қызық өткені соншалық, қас-қағым сәт те зымырап өте шыққанын аңғармай қалдық. Ізбасарларымызға Жаңа жыл қарсаңында ақ ниетті тілегімізді жолдадық. Балалар да көңілді шарадан тыс қалмай, өз өнерлерін көрсетіп, шағын концерттерін арнады. Әр түрлі ойындар ойнап, қолымыздан келгенше көңілдерін көтеріп, кештің жақсы өтуі үшін барымызды салдық.

Кеш көңілді өткенімен, өмірдің қыр-сырын түсініп үлгермеген



М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың еріктілері тобының құрамына қабылдандым. Еріктілердің туған күні 14-ақпан болғанымен, еріктілердің алғашқы жиналысы 24 ақпан 2012 жылы 24 ерікті студенттің қатысуымен өтті. Осы күннен бастап «Облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» (ООУБА) және «Қарттар үйімен» жұмыс жасай бастадық. Алғашқы іс-шарамыз ООУБА-ның оқушыларымен тренинг өткізу болды. Кейін осы айдың ішінде қарттар үйіне концерттік бағдарламамен бардық. Қарттардың немерелеріне деген сағынышынан туған асыл сөздерінен кейін жыламаудың өзі қиынға соқты.

Биылғы жылы №1 емхананың еріктілері бола жүріп, көптеген денсаулыққа қатысты мәліметтерді біліп, салауатты өмір салтын қала тұрғындарына дәріптедік.

Мен ерікті болғанымға қуанамын. Осы бір жылдың ішінде өмірлік маңызы бар көп нәрселерді білдім. Ең басты ұққан



нәрсем: «Бір отбасы болу үшін бір ана мен бір әкеден дүниеге келудің қажеті жоқ. Отбасы - ол тұрып жатқан үй, оның ішіндегі мүлік те емес. Отбасы - бұл жақсы көру, қиын шақта қолдау және сенім, бірге қуана білу».

Бізге 1 жыл!

Ж.Зданова, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті:

- Құрылғаннан бері 1 жылдың ішінде еріктілердің басқан қадамы нық, игі істерге құлшынысы мол екені белгілі болды. Осы уақытта біз балалар ауылымен, қарттар үйімен тығыз байланыста болып, көп нәрсені ұғындық, өмірде әр нәрсенің қадір-қасиетін түсінуге, өзімізге деген сенімділікті нықтап, әр атқан таңды күлімсіреп қарсы алуға үйрендік.

Ерікті бола жүріп, біз балаларға қуаныш, жайдарлы күлкі сыйлауға себепші бола алдық, ата-әжелеріміздің ризашылығына бөленіп, жүректен шыққан ыстық лебіздері мен ақ тілектерін естідік.

Еріктілер тобының болашағы зор деп сенемін. Болашақта бұл топ дамып, жетіліп, өзгелерге кішкене болса да пайдам тиісін деген еріктілермен толығып игі істері молая берсін деп тілеймін.

Дайындаған: А.С.ЖАҚСЫҒАЛИЕВА,
«БҚМУ еріктілер тобының» жетекшісі



бейкүнә балаларға қарап, көңілім құлазыды. Ананың мейірімі мен махаббатының не екенін сезбей, а ялы алақанының жылуын сезбей өсудің қаншалықты қиын екенін түсінгендеймін. Иә, «анасы бар адамдар бақытты екен-ау, расында» -деймін ішімнен. Сондықтан, аяулы аналарымыздың дені сау болып және әрдайым қасымыздан табылып, жүре берсе деп тілеймін.

Мен еріктімін!

Гүлмаржан Мұратқалиева, 04201 а тобының студенті:

- Бірінші курс оқып жүрген кезімде жаңадан ашылып жатқан, балалар мен қарттарға көмектесіп, сонымен қатар қарт ұстаздарға құрмет көрсетуді дәріптеу мақсатында құрылған

СМИ И КОМПЬЮТЕРНЫЕ ИГРЫ КАК ПРИЧИНА ПОДРОСТКОВОЙ ПРЕСТУПНОСТИ

Одну из острейших проблем на сегодняшний день представляет собой подростковая преступность. И проблема эта существует во всем мире.

Возникает вопрос: откуда такая жестокость в столь раннем возрасте? Откуда столько агрессии в отношении окружающих?

Чтобы ответить на этот вопрос необходимо представить обычный день обычного школьника. Он приходит домой, чисто автоматически включает телевизор и компьютер, выходит в Интернет... А что он видит по телевизору и на просторах Интернета?

Информация, распространяемая с использованием СМИ, информационно-телекоммуникационных сетей общего пользования, при обороте рекламной продукции, электронных и компьютерных игр, кино-, видео-, иных аудиовизуальных сообщений и материалов, все чаще оказывает на детей психотравмирующее и растлевающее влияние, побуждает их к рискованному, агрессивному, жестокому, антиобщественному поведению, способствует их виктимизации, облегчает их вовлечение в совершение преступлений, и н ы х

антиобщественных и противоправных деяний.

Еще одним источником преступного поведения у подростков от 10-18 лет становится посещение компьютерных клубов, где наиболее частыми играми являются так называемые «стрелялки», сутью которых является «убить» команду противника.

Телевидение и игры демонстрируют им новую агрессивную модель поведения, которая позволяет быстро и эффективно разрешить возникшую конфликтную ситуацию. Согласно исследованиям, дети проводят у телевизора больше времени, чем в школе. К возрасту 18 лет типичный американский ребенок просмотрит более 200 тысяч актов насилия, в т.ч. 16 тысяч убийств. На телеэкранах в среднем транслируется 812 сцен насилия в час; но и детские программы, мультфильмы тоже содержат подобные сцены - до 20 в час.

В связи с этим, 12 декабря 2012 г. в Мажилисе в рамках Комитета по социально-культурному развитию состоялась презентация депутатского законопроекта «О защите детей от информации, причиняющей вред их здоровью и развитию».

Согласно пояснению авторов, законопроект разработан, исходя из необходимости приоритетного обеспечения защиты прав ребенка, в соответствии с общепризнанными принципами и нормами международного права, направленными на обеспечение информационной безопасности детей, в том числе закрепленными в ратифицированной Республикой Казахстан Конвенции ООН о правах ребенка (1989 г).

Актуальность принятия Закона обусловлена неотложной потребностью в создании эффективных механизмов обеспечения прав ребенка на информационную безопасность в условиях современного информационного пространства путем защиты детей от информации, причиняющей вред их физическому и психическому здоровью, полноценному нравственному, духовному, психическому, физическому и социальному развитию.

Необходимость разработки и принятия данного закона объясняется особой уязвимостью детей, которые в условиях интенсивного развития новых информационных технологий (Интернета, мобильной и иных видов электронной связи, цифрового вещания) в наибольшей степени подвержены негативному информационному воздействию.

Будем надеяться, что с принятием этого закона негативное влияние СМИ и компьютерных игр на сознание подростков будет снижаться, а вместе с ним и уровень подростковой преступности в нашей стране.

Наргүлия КУЛИЕВА,
студентка специальности «Юриспруденция»,
группа 08303

П
Е
Р
Е
М
Е
Н
А



Вкусы бывают разные. Музыкальные вкусы - отдельная тема, даже целая наука, которая может раскрыть личность любого человека через разные жанры. И мы спросили студентов нашего университета об их личных музыкальных предпочтениях:

Дина Капезова, филфак, 1 курс:

-Lara Fabian. Меня восхищают ее голос, репертуар и хиты. Она мастерски умеет петь от души. Мадина Садвакасова - очень милая и приятная исполнительница, нравится смотреть репортажи о ней. Игорь Крутой – его игра на рояле, так что все песни и композиции мне очень нравятся.

Молдир Жаулыбаева, факультет культуры и искусств, дизайн, 1 курс:

-Maroon 5 - невероятные песни, музыка, голос солиста - сводят с ума. Очень люблю их! Ньюша - певица она хорошая, но мне больше нравится как она танцует. У нее яркая энергетика. Adam Lambert - Красивый гей. Я в восторге от его клипов, его стиля. Его ни с кем не спутать.

Асмунар Бектенов, филфак, переводческое дело, 1 курс:

-Blink182, Sum 41, Dcater - одинаково нравятся текстами, музыкой. Они чувствуют то же, что и я.

Ильяс Айтжанов, филфак, 2 иностранных языка, 1 курс:

-Robbie Williams - нравится, как он поет. Akon - очень крутой певец, люблю слушать его совместные песни с другими певцами, реперами. Nikol Scherzinger - очень красивая, с сильным голосом. Люблю ее как сольную певицу, и как лидера Pussycat Dolls.

Бауыржан Жасымов, физико-математический факультет, информатика, 1 курс:

-Linkin Park - популярная группа, которая покоряет все больше и больше любителей музыки. У них очень сильная музыка, глубокие тексты. Их нельзя не любить! Сплин - группа на все века. Каждая песня затрагивает что-то личное. Би-2 - некоторые их альбомы имеют золотой статус, а это уже что-то значит.

Опрос провели Яна Гумарова и Ләззат Шыңғалиева, студентки филологического факультета, 1 курс.



Ана туралы толғау

«Анаңа ауыр сөз айтпа, атыңа ауыр жүк артпа»

Адамзат жүріп өткен небір ауыр жол, алмағайып заманнан ұрпағын аман-есен бүгінгі күнге жеткізген Әйел-Ана құдіретін жырмен өрнектеп, әнмен әлдилеп, сөзбен айтып тауысу мүмкін емес. Өйткені, ана жыры - адамзатпен бірге жасар мәңгілік тақырыптардың бірі. «Ана» тақырыбын шығармасының өзегіне айналдырған қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсірепов былайша толғанады. Сенің іздейтінің - бір-ақ жан. Ол - ана. Ол саған бәрінен де қымбат. Сен үшін ол жалпақдүниеден де үлкен. Сондықтан да сен бір-ақ жанды білесің. Ол - ана. Міне, анаға деген үлкен махаббат сенің құндақта жатқан күніңнен басталады. Ананың жолы басқа. Ана десе толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сезбейтін сезім болуы мүмкін емес! «Мен білетін қазақ әйелі қазақпын дейтін қаракөз, қара баланың анасы, сенің жүрегің нәзік, сенің махаббатың балаға тіл жеткісіз биік».

Адамзат өзі сан мыңдаған жылдар бойғы даму тарихында ақиқат құндылықтарға алуан түрлі көзқараста болып келеді. Алайда, бір ғажабы сол - жер шарын әр кезеңде мекендеген халықтар мен ұлттар түптің түбінде өмірінің өзі табындырған ортақ шындықты сөзсіз мойындап, әйел затын ұлықтауға көшті. Мысалы, ертеде арабтар әйелді төмен етекте деп есептеген. Тек Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз ғана әйелдерге адамдық құқық беруді міндет етіп қойып, оларды ерекше құрметтеуді бұйырған.

«Екі-үш қыз бала бағып тәрбиелеп, балиғатқа жеткізген адаммен жаннатта бірге боламын», - деген.

Ананың мейірімі, ананың махаббаты, ананың тілегі тіл жетпейтін бір шалқар теңіз емес пе? Ананың айналып-толғанғаны кімнің есінен кетеді?! Шырылдап жерге түскеннен-ақ сенің ең бір жақының, ұстазың бар. Ол — ана. Қара жерді баспай жатып, есінді білмей тұрып, тырмысып жабысатының, тынбай жылап іздейтінің де - ана. Айнымайтын айдай ақиқат сол — әлемдегі бар жақсылық күннің жылуынан, ананың ақ сүті мен ақ тілеуінен, өлшеусіз еңбегінен, қамқорлығынан бастау алады. Елді ел етіп отырған, мемлекетті мемлекет қылып отырған да - осы аналар.

Отбасының құты, берекесі, ұйытқысы, ұйымдастырушысы, жарығы да, жылуы да - ана. Халқымыздың бар жақсы қасиетін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-сана дәстүрін қалыптастырушы, дамытушы, насихаттаушы, дарытушы және оның иесі де киесі де, шырақшысы да - әйел-ана. Екі елді жалғастырушы, бүтіндеуші де - әйел-ана. Елдің, халықтың, туыстардың, достардың елшісі де - әйел-ана. Махаббаттың символы, әсемдіктің, әдеміліктің, әдептіліктің, нәзіктіктің, инабаттылықтың үлгісі де, ұясы да - әйел-ана. Батылдықтың да, батырлықтың да, тұрақтылықтың да, даналық қорығы да - әйел-ана.

Сондықтан да, әйел-ананы құрметтейік, жастар!

Ана деген - бәйперегі өмірдің...

Кез келген адамның бойындағы мінез-құлқы, жан-дүниесінің сұлулығы, әдептілігі - барлығы-барлығы ең алдымен, анамыздың ақ сүтімен, әлпештеген ақ жүрегімен бойымызға дарығанына ешкімнің таласы жоқ. **Ананың балаға деген махаббаты шексіз, ал баланың ше? Бәрімізге белгілі, 8-наурыз - Халықаралық әйелдер күні, яғни асыл аналарымыздың, аяулы апа-сіңлілеріміздің мерекесі. Осы орайда студенттерімізден «Анаң қандай сыйлық лайықты деп ойлайсың?», «Анаң қандай сыйлық алмақшысың?» деген сұрақтарға жауап іздеп көреген болатынбыз. Ендеше, жігіттеріміздің ойын білейік...**



Нүркен Әмірашев: Біріншіден ана-ларымызды, әжелерімізді, сіңлі-қарындастарымызды, жалпы барша нәзік жандыларды осынау келе жатқан 8-наурыз - Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын.

Әйелдерді еркектерден көп дейді,

Ойбай, ойбай бола берсін көп мейлі.

Әйел деген әдемі ғой, әдемі,

Әдемілік бізге көптік етпейді,- деп Мұқағали атамyz жырлағандай, қашан да сұлулықтың, сымбаттылықтың, сонымен қатар Әлия мен Мәншүк, Сәбира мен Ләззат сынды нағыз қазақ қызына тән ерліктің, қанармандықтың жаршысы болып келе жатқан әйел затына деген тілек толастамақ емес. Мен осынау айтулы мерекеде өз анамды да құттықтағым келеді. Менің ойымша, анама қандай сыйлық алып берсем де, бәрінен биік тұратыны — «Анашым, сіздің мерекеніз ғой», - деп бетінен бір сүйіп, ыстық лебізімізді жолдауымыздың өзі анамыз үшін теңдессіз сыйлық деп ойлаймын.

Жарқынбек Теңелгенұлы: Түн ұйқысын төрт бөліп, бесік тербеп білгеі талып,

ақ сүтімен асыраған, ақ жаулықты анама әр күн сыйлық сыйласам да артық емесі ақиқат. Көңіліне медеу болып, әр күн анамды жақсы жаңалықтармен қуантып тұруға тырысамын бүгін де. Өйткені, мен ауылымнан, анамнан алыста арман қуып, білім алып жүрмін. Осы мерекеге орай, анам мен қарындасым Қызғалдаққа мереке естелігі ретінде заттай сыйлықтар табыстамақпын жылдағы әдет бойынша. Мен бұл әлемнен ақ анашымның тырнағына татитындай сыйлық таба алмаспын. Анамыз үшін басты сыйлық - ұл-қызының амандығы, ал біз үшін анамыздың амандығы құны жоғары сыйлық екені даусыз.

Барша ақжаулықты аналарымыз, қара көз қарындастарымызды келіп жеткен халықаралық мерекелерімен құттықтаймын. Өлемді келдімен тербеткен аналарымыз аман болсын!



Сәбит Махамбетов: Көктем өзінің жылудығымен, шырайлы таңшапағымен адамдардың жүрегіне жылулық сыйлайтын мезгілі екені бізге мәлім. 8-наурыз - Халықаралық әйелдер мейрамы, яғни дүниедегі нәзік жандылар мейрамы. Көктемнің басталуымен келетін бұл мереке аяулы нәзік жандыларға қуаныш сыйлайды. Мен бұл мерекеде барлық аналарды,


а п а - қарындастарымызды құттықтаймын және де ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, дүниедегі барлық жақсылықтарды аруларымызға тілеймін. «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деседі.

Өрине, мен бұл мерекеде өзімнің анамды құттықтай отырып, асыл анама дүние жүзіндегі барлық жақсылық атаулыны тілеймін. Аяулы аналар, ару қыздар, сендермен бұл өмірдің мәні зор.



Мерекелеріңізбен, әрқашан өміріміздің гүлі болып жүре беріңіздер!

Айболат Серікжанов: Аналы баланың өзі тоқ, анасыз баланың көзі тоқ. Жылына бір-ақ рет келетін мерекеде тек сыйлық алу міндетті емес деп ойлаймын. Анаңа рухани жағынан жақсы әсер ететін, өз қолымен жасалған ашық хат немесе жыр жолдарын арнап, өлең оқып берсең де құнды сыйлық деп ойлаймын. Бірақ та бұл өмірде анамыз үшін ең қымбат сыйлық, ол - балаларының амандығы мен саулығы.



Жанайдар Болатбек: Бұл мейрамның ерекшелігі мен маңызы зор. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі да-лада» дегендей көбіміз осы мейрамда анамызға сыйлық жасап, ол кісілердің көңілін бір көтеріп тастауға тырысамыз. Пенде болғасын жерде кей сәттерде сынық көңіл арқадан қағып, жақсы бір сыйлық алғанды қалайтыны рас. Менің ұғымымда сыйлықтың бағасының қымбаттылығында емес, ең басты оның шын көңілмен, ақ ниетпен берілгендігінде деп ойлаймын. Әрбір адам анасына сыйлық жасап тұруы керек. Осы орайда тек сыйлық жасау тек мерекеде болуы керек деген кері пікір тұмауы керек. Кішкентай күнімде анама құттықтау хат пен гүл сыйлаған болатынмын. Одан кейінгі есте қалғаны, інім екеуіміз шәйнек сыйлаған болатынбыз. «Жұмақтың кілті - ананың аяғының астында», «Анаңды Меккеге үш рет алып барсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың» деген сөздердің өзі ана сөзінің қадір-қасиетін ұғындырып тұрғандай.

Біздің әрбір жетістігіміз үшін қуанып, көңілі бір марқайып қалатын анамызды ренжітпейік. Биылғы халықаралық әйелдер күніне анашыма қандай сыйлық жасауды ойлап жүрмін. Студент болғасын жерде ол кісілердің өздері берген ақшаларына сыйлық алу да бір жағы ыңғайсыз сияқты. Болашақта жақсы жұмыс істесем, міндетті түрде естен кетпес ерекше сыйлық жасаймын деген ниеттемін.

Ең бастысы жаны мейірбан, жанары мейірімге тұнып тұратын аналарымыз аман болсын дегім келеді.



Бауыржан Оралбайұлы: Көктемнің алғашқы мерекесі - халықаралық әйелдер мейрамы! Анамыз, апа-қарындастарымыздың және де құрбыларымыздың төл мерекесі. Қандай сыйлық сыйлауға болады? Қандай сыйлық болмасын шын жүректен сыйласа, ол әрбір жанның көңілінен шығады деп ойлаймын. Қазақ қыз баланы гүлге теңегендіктен, сыйласа, ол да орынды болар. Және де аталған мерекеге арналған естелік сыйлықтар мен тілек қағаздар сыйлаған жөн деп есептеймін.

Дайындаған: Гүлфани ХАМЗИҚЫЗЫ,
филология: қазақ тілі мамандығының 2 курс студенті

ҚЫЗЛАРҒА:
ТҰА СЫЙЛААНЫҢ



Қыз бала - ұлттың өяты, халықтың шырайы

«Гүл өссе - жердің көркі,
Қыз өссе - елдің көркі», - дейді атам қазақ. Қыз қашанда от-басында қадірлі. Себебі қазақ халқы қыз баланы әр кез сыйлап, оған қонақ ретінде қараған, яғни бүгінгі қыз — ертеңгі бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін болашақ жар, ана. Нәзік жанды, бойына бар жақсылықты жиған, олар күлсе бүкіл әлем жадырайтын, әдемі де сүйкімді жандарды кім жақсы көрмесін?!

Қыз — болашақ ұрпақтың анасы, әрбір отбасының бірден-бір ұйытқысы болатын жан.

«Өке көрген оқ жонар,

Шеше көрген тон пішер» дегендей, ұлға әкенің тәрбиесі қаншалықты маңызды болса, қыз балаға ана тәрбиесі соншалықты қажет. Ананың тәрбиесін алған қыз ешқашан аяғын шалыс баспайды деп ойлаймын.

Қазіргі қоғамда қыз балаларға көп сын айтылып жүр. Өрине, бұл сындар орынды. Кейбір қаракөз қыздарымыз теріс жолға түсіп, өз жолдарынан адасып жатады немесе өздерін дұрыс ұстай алмай, мәдениетсіздік танытады. Ал, бұның бәрі - қазақ қызына жат әрекеттер. Қазақтың қыздары қандай болуы керек? Ертедегі Төлеген ғашық болған Қыз Жібек, Еңлікті өзінің сұлулығымен өзіне ғашық қылдырған Кебек сияқты сыңғырлаған күлкісімен, ұяңдығымен, қазақ қызына тән сыпайылықпен өзгеге үлгі бола білген қасиетімен ерекшеленеді. Бүгінгі қыз — ертеңгі бір үйдің келіні болмақ. Сондықтан әрбір ана қызының өз ұясынан дұрыс тәрбие алып, ата-енесіне сыйлы келін болғанын қалайды. Қыз баланың іс-әрекеті, көзқарасы, жүріс-тұрысы өзгеге үлгі болғаны жөн.

Қыздар!!!

Сананы сәнге емес, сәнді санаға бағындырыңдар!

Өңді қыздың бәрі жөнді қыз емес!

Өңді қыз өтімді болғанымен, түбінде ақылды қыздар жеңеді.

Егер сүйген жігіттеріңе сүйікті жар боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар!

Егер ата-анаға қымбатты келін боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар!

Егер ертең шәкірттеріңе үлгілі ұстаз боламын десеңдер, еңбекшіл болыңдар!

Әдемі болыңдар, әсем болыңдар! Сонымен бірге ақылды болыңдар, саналы болыңдар!

Еңбекшіл адам - ең ардақты адам!

Данагүл ЖҰЛДЫЗОВА,
мемлекеттік жергілікті басқару мамандығының 1 курс студенті



Латын әліпбиі: кеңесе келген шешімнің кемісі болмас

Әліпби ауыстыру мәселесі – аса күрделі тірлік. Елді бірқыдыру дүрліктірмей де қоймайды. Әжептәуір ауқымды шара болғандықтан да, оның жақтаушылары да, қарсыластары да болары сөзсіз. Оған таңғалуға, таңдай қағуға болмайды. Бәрі түсінікке, ұғымға байланысты. Тек бұл істе әрбір қазақ азаматы білек сыбанған іс-әрекет үстінде көрінуі тиіс. Сонда ғана бізде уақыттан кешеуілдеу, кеш қалу, кейін бармақ тістеу, ұлы көшке ілесе алмай ілбу болмасы анық.

Алғашқы кезекте айтарымыз, қазіргі дәуір тәжірибесі әлеми ақпарат кеңістігіне өтудің төте жолы ретінде латын жазуын таниды. Ал әлеми ақпарат кеңістігіне ретін тауып өте алмай қалған елдердің даму қарқыны бәсең болары анық. Бүгінгі таңдағы қытай мен жапондар да әліпби таңбалары бөлекше болғанымен, ғылыми-өндірістік үрдісін латын негізінде дамытуда.

Әліпбиді ауыстырудың астарында саяси-әлеуметтік те мән бар. Жасыратыны жоқ, орыс жазуынан қашу – көрші Ресей империясының сан ғасырларға созылған «ағалық» ықпалынан құтылудың, құлдық санадан айығудың бір амалы. Қазақты көпшілік қауым мұны дұрыс түсінуде. Ақиқаты, егемендіктің айғақ белгісіне **елтаңба, ту, өнұранмен** бірге, күнделікті тірлік мазмұны **жазу** да еңбек. Яғни, **жазу** – тек әріптер жиынтығы емес. **Ғылым тілінде, жазу әліпби, таңба, ереже-емпелерден құралмақ. Әліпби – тілдің дыбыс құрамы, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле-ереже – әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері. Қысқасы, әліпбиі, таңбасы мен емле-ережесі үйлескен жазу – тіл егемендігінің кепілі.** Тіпті, әліпби ауыстыруды айтпағаның өзінде, қазақ жазуын бір екшеп, саралап алар мезгіл жеткендей. Демек, бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру ісі деп қарамай, кең тұрғыдан жазу реформасына ұластыру орынды болмақ.

Шынтуайтында, қазақ жазуының тарихы қазақ зиялылары үшін «әліпби айтысының» тарихы да. Оған дәлел, қазақ білімпаздарының 1924 жылғы Орынборда өткен тұңғыш съезінің материалдары. Не болмаса, Ахмет Байтұрсынұлының жазуынан латынға, латыннан кирилге көшкеніміз тарихтан белгілі. **Кирилге жарлықпен бір-ақ күнде көшкеніміз де мәлім. (Түрік Республикасының да өз кезінде түрік латын әліпбиіне жарлықпен бір-ақ күнде өткені де белгілі).**

Қазіргі жас ұрпақ өкілдері қазақ жазуына орынсыз қиянаттар да жасалғанын білгені жөн. Мәселен, 50-жылдардың басында қазақтың **ы, і, ұ, ү** тәрізді төл дыбыстарын ысырып тастап, оның орнына орыс тілінің **и, у** әріптерін алуымыз. Тіпті, кезінде белгілі бір «ғалымымыздың» тарапынан «**и, у** әріптеріне қарсы шыққандардың пиғылы дұрыс емес» деп, дөң айбат шегіп, партиялық журналға мақала жазуы да кейінгі намысты жастың қанын қайнатпай қоймайды. Сондай-ақ, «**КПСС, ТАСС, ООН деп жазу керек**» дей келе, орыс тілінен енген сөздерді «**сол тілде қалай жазылса, солай жазып, қалай айтылса солай айту керек**» деуіміз де тіл заңына қайшы. Бұндайға мүлдем жол беруге болмайды. Бұл – ұлт тіліне жасалған қиянаттың зоры.

Қазіргі «әліпби айтысының» да ауқымы кең боларын байқауымыз. Бұған да Елбасымыз тұңғыш ретін айтып, нүктесін қоя білді. Университет студенттерімен, әріптестерімізбен латын қарпіне көшу жөніндегі ой-пікір алмасқанымызда алдымыздан сандаған сауалдар бас көтерді. **Тұнған сұрақ, жатқан уайым, тусінбестік...** Мүмкін, жастарға түсіндіру, білгенімізді айту аға буын өкілдерінің міндеті де болар. Ал аға буын түсінгісі келмесе ше?.. Осы бағыттағы студент жастардың бірқатар ой-сауалдарына баспасөз материалдарына сүйене отырып, бірер пікір қосқанды жөн көрдік.

Қадірлі жас дос! Еліміз егемендікке қол жеткізді. Мемлекетіміз ешкімге жалтақтамай тірлік жасайтын дәрежеге жетті. Енді қоғам-мәдени келешектің қамын ойлау дұрыс. Түсінген тұлғаға латын әліпбиі арқылы әлеми ақпарат кеңістігіне өту, жоғары технологияны игеру – елдің тұрмыстық деңгейін көтерудің ең ұтымды жолы.

* Қазіргі қазақ тілі жазуында тіл бұзар емле-ережелер қаптап жүр. Сол себептен де кезінде оны танымал филолог ғалым ағаларымыздың бірі «**өзіме өгей өз тілім**» деп, басын ұстаған. Қазір тәуелсіздік алып, қолымыз өз аузымызға жетті дегеннің өзінде де, мәңгірт санамызға сіңіп қалған сол тіл бұзар емле-ережелерден құтылу оңай болмай отыр. Тіпті, тіл мамандарының арасында да орыс тілінің **и, у** тәрізді кірме «жетістіктерінен» айрылғысы келмейтіндер жетіп артылады. Олар оны қазақ тілінің «**даму жетістігі**», «**жаңа сатыға көтерілген түрі**» ретінде бағалап, қазіргі орыс текті **ми, ки, су, ту** деген жазуымызды латын негізінде **ті, кі, ту, си** деп жазуды ұсынуда. Егер қазақтың **мый, кій, сүү, тұу** деген сөздерін қайтадан **ті, кі, ту, си** деп, **қазақ сөзінің түбір, буын, морфем айтылымын бұзып жазатын болсақ**, онда әліпби ауыстырудың еш реті жоқ.

* Түсінген кісіге қазіргі әліпбиімізді «қазақ әліпбиі» деп атауға мүлдем келмейді. Өйткені ол «қазақ әліпбиі» емес, «қазақ-орыс әліпбиі», турасын айтсақ, «орыс-қазақ әліпбиі» десек болар. Әліпбиіміз бір тілдің емес, әлдеқашан қос тілдің әліпбиі ретінде бекініп алды. Латынға қарсы мамандар қазіргі 42 әріптен, «өлсем орным қара жер» дегендей, тістеніп алып,

айырылғысы келмейді. Орыс жазуынан айрылса, айдалада қалатындай сезінеді. Түсіне білсек, ешбір ел әліпби құрамының көптігімен мақтана алмайды. Әріп санының көп болуы тілдің әліпбиінде бір кемдіктің барлығын аңғартады. Әріп саны неғұрлым кем болса, нағыз жетілген әліпби сол болмақ. Бұл ретте бізге ағылшын жазуының тәжірибесін пайдалану артық етпейді. Оларда аз таңбамен көп дыбысты белгілеудің ұтымды амалы бар. Емле-ережесінің күрделілігінен ағылшын жазуы ұтылған жоқ, қайта әлеми ақпараттық кеңістікте көш басында келеді. Дұрысы, орыс тілінен енген дыбыстарға арнайы таңба іздеудің қажеті жоқ. Бұл ретте де ағылшын жазуының тәжірибесі үлгі. Өзіміздегі бар таңбаны пайдаланып, емле-ереже жолымен өзге тілден енген сөздерді жазу орынды. Демек, латын әліпбиі арқылы орыс сөздерін қалай жазамыз деп уайымдаудың жөні жоқ. Ескереріміз, ешбір мемлекетте кірме сөздің жазылуына орай қосымша таңба ойлап таппай, не де болса өз әліпбиіміздің құрамынан шығару дұрыс.

* Тілімізде өзге тілден зорлықпен енгізілген ережелер қағидалары да жеткілікті. Бұл – қазақ сөзінің айтылымын орыс сөзінің айтылымына мейлінше жақындату амалы. Сонда қазақ сөзінің өз айтылым үлгісі қайда қалады? **Жазу – сол қазақ сөзінің төл айтылым үлгісін сақтаудың амалы.** Бізге ауыр тиетіні – ана тіліміздің тұрқы бұзылып бара жатқандығы. Орысша төлім алған орыс тілді ағайындарымыз орыс жазуы арқылы тілі шыққандықтан, құлағына сіңген дыбыстардың күллісін қазақ тіліне әкеліп тықпалай беруге болмайтынын ескеруі тиіс. **Бұл ретте Елбасымыздың «біз орыс тіліне қарсы емеспіз, біз оның қазақ қауымына қалай ендірілгенін құптамаймыз» дегені мәлім.** Демек, әліпби ауыстыруды белгілі бір елдің тіліне не жазуына қарсылық білдіру ретінде қабылдамай, қазақ тілінің жазуына реформа жасау тұрғысында бағалау жөн.

* Бүгінгі жазуға байланысты науқанды жазу реформасына ұластыра алсақ, онда қазіргі қазақ жазуының емле-ережесінің көптеген жаңсақ тұстарынан арылар едік. Себебі кезінде араб дәстүрімен, кейіннен орыс жазуының ықпалымен енген бір топ **кірме әріптер мен емле-ережелер** қазақ тілінің ішкі айтылым заңдылықтарына кереғар келуде. Соның нәтижесінде жазу-мен тілі шыққан кейінгі ұрпақтың, тіпті, жас ұрпақ қана емес, ересектердің де тілі бұзылып барады. Яғни, қазақ жазуына жасалар болашақ реформа (**әліпби ауыстыру негізінде**) тіл бұзар емле-ережелерден құтылудың бір амалы да. Демек, орыстың тілін емес, оның төркіні бөлек емле-ережесінің туыстығы бөлек қазақ тіліне орынсыз тықпаланғандығына қарсы дау айтамыз. Табиғаты бөлек орыс әліпбиін орыс тілінің емле-ережесімен қоса алғандықтан, қазақ сөзінің айтылым үлгісі сол жазу келген тілдің қанжығасында кетері ақиқат. Күнде көріп жүргеніміздей, орыс жазуы жекелеген қазақша дыбыс түгілі, ана тілімізді де ұмыттырып жібере жаздағаны да шындық.

* Әлі де арамызда **«қазақтар орыс тілін үйренуге өте икемді, тіпті орысдың өзін де орта жолда қалдырады»** деген жаңсақ пікір бар. Бұл ретте қазақтың өзге ұлттардан еш артықтығы жоқ екендігін де ескерген жөн болар. **Басты мәселе – олардың әліпби таңбасының бөлек болғанында да емес, сол ана тілі жазуының ішкі емле-ережесі бөлек болуында.** Ана тілінің емле-ережесі бөлек болған соң, бала күннен өзіндік дыбыстау үлгісі қалыптасқан. **Ал, екінші бір тілде жақсы сөйлеу сол тілдің емле-ережесін жақсы меңгеруге саяды.**

* **Баршаға мәлім – тілдің емле-ережесі мектеп оқулығында.** Қазақ сөзінің айтылымын орыс сөзінің айтылымына жақындастыру сол мектеп оқушыларынан басталғанын байқамай келгеніміз бе? Кез келген қазақ тілі оқулығында қазақ тілінің өзіне тән дыбыстары ретінде 7-8 әріпті бөле-жара атаймыз. Сонда қазақтың өзге дыбыстары қайда? Қазақ дыбыстарын осылайша бөлектеудің өзі шәкірт санасын тұмшалап, есейгенде мәңгірттендіреді. Қазақ тілінің 26 (28) дыбысының дыбысталуы өзге тілдің дыбыстарына мүлдем дәлме-дәл ұқсатылмайтыны, дыбыстардың өзара тіркесім емле-ережелері мүлдем бөлектігі санамызға жетпегені ме? Әріптеріміздің таңбалануы бірдей болғанымен, дыбысталуы бірдей еместігін ұға алмағанымыз ба? Әрине, жазуымызды орыс жазуына теліп, орыс жазуының емле-ережесінің мұртын бұзбай егіз қозыдай етіп көшіре берсек, орысша біз сайрамағанда, кім сайрайды. Демек, әлі де «орыс тілін үйренуге икемдіміз» деп әсіре мақтанбай, ең алдымен **ана тіліміздің өзіндік колорит табиғатын таниық та.**

* Жазудың сөздің айтылымына ықпалы ерекшелігіне бойлай білсек, жазу жүйесін қалыптастыруға аса мән беру жөн болар. **Себебі жазу ережелері – тілдің ішкі табиғи заңдылықтары сақталғанда ғана жүйелі.** Бұл ретте де ағылшын тілінің ықпалы өте күштілігін аңғару артық емес.

Ағылшындардың өздері де емле-ережесінің (әліпбиінің емес) күрделілігін мойындайды. Десек те, ағылшын тілінің емле-

ережесі өздері үшін ғана. Ағылшындар мұншама емле-ережені өздерінің қырықтан аса дыбыстарын бар болғаны 26 таңбамен беру үшін үнемді ескерген. Олар тілінің емле-ережесін өзгертуді мүлдем ойларына да алмайды. Демек, **ағылшын тілінің емле-ережесі – аз таңбамен көп дыбысты қамтудың ең озық үлгісі.** Ағылшын жазуы өзіндік емле-ережесімен-ақ бүкіл дүние жүзін игеруде.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына арнаған Жолдауынан

ережесі өздері үшін ғана. Ағылшындар мұншама емле-ережені өздерінің қырықтан аса дыбыстарын бар болғаны 26 таңбамен беру үшін үнемді ескерген. Олар тілінің емле-ережесін өзгертуді мүлдем ойларына да алмайды. Демек, **ағылшын тілінің емле-ережесі – аз таңбамен көп дыбысты қамтудың ең озық үлгісі.** Ағылшын жазуы өзіндік емле-ережесімен-ақ бүкіл дүние жүзін игеруде.

* Қай тілдің де ең қиын мәселесі – оның емле-ережесі. Емле-ереженің оңайы болмайды. Екінші бір тілді үйрене алмау – сол тілдің емле-ережесін меңгере алмаудан. Осы орайда айтарымыз, латын әліпбиі мен ағылшын тілінің емле-ережесін шатыстырмау жөн. Әліпби латындікі болса да, емле-ереже қазақтың өзінікі. Қазақ жазуы үшін ағылшын тілінің емле-ережесінің еш қажеті жоқ, өйткені қазақ тілінің төл дыбыстары бар болғаны 26 (28), компьютер түйметақтасындағы 26 латын таңбалары толық жеткілікті.

* **Латын әліпбиіне көшудегі қырық уайымның бірі – бұрынғы орыс жазуы негізіндегі жазба мұраларымыздан айырыламыз, ертең оларды ешкім оқи алмайды** деу. Орыс жазуын салған жерден тыйып тастайын деп отырған ешкім жоқ. Кирил жазуы латын жазуымен ондаған жыл бірге қатар жүрмек. Оқулықтар жыл ретімен бірте-бірте латын жазуына көшірілмек. Әдеби шығармалар мен ғылыми көпшілік еңбектер де сол ретпен жаңа жазуға ауыспақ. Бұрынғы жарық көрген шығармаларымызды бәрібір қайта баспай отыра алмасымыз сөзсіз.

* Бүгінгі таңда келешек ұрпақты көптілділікке (қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне) баулу мәселесі – заман талабы, сәйкесінше, мемлекеттік шаралардың бастыларының сапында. Өркениетті елдердің тәжірибесі де – көптілді ұрпақ қалыптастыру. Елге келген шетелдіктердің қай-қайсы да ең аз дегенде 2-3 тіл білетіндігін көріп жүрміз. Олар қазақ тілін үйренуге ынтыла. **Бұның басты себебі: батыс елдерінде жақсы тұрамын, ісім өнімді болсын десек, көп тіл білуің – заңдылық.** Демек, батыс елдерінде көп тіл білу – кәсіби жетістік. Қазіргі Қазақстан мемлекетінің тіл саясаты да осы арнада өрбиде.

* Шығыс болмай, кіріс болмас. Қай шаруа да шығынсыз бітпесі анық. Жазу ауыстырудың да өз шығыны болары анық. Кітап басудың, оқулық шығарудың шығынын айтасыз ба? Латын әліпбиіне өтпегенде кітап баспай, оқулық шығармай құр отырмас едік. Мамандарды латынға икемдеп, қайта дайындауда да ақырзаман тудырудың еш жөні жоқ. Мұғалімдер үшін жұмыс бағыты әлімсақтан қалыптасып қалған мұғалімдердің білім жетілдіру институттары бар. Ал мектептердің өзі латын әліпбиін үйретудің ошағына айналады. Мемлекеттік мекемелер мен жекеменшік кәсіпорындардың өз мүмкіншіліктерін кім жоққа шығарады. Ақылы-ақысыз тіл үйрететін орталықтар қаншама. **Университетіміздегі халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығы осы ұлттымыз үшін аса өзекті де қажетті ұлы іске қазірдің өзінде сақадай-сай әзір. Келіңіз, жас дос, сізді адастырмайтын дұрыс бағыт сілтеуге даярмыз.** Біздіңше, латын әліпбиін үйренуге көп мерзімнің қажеті шамалы. Берісі 3 ай, әрісі жарты жыл жетіп жатыр.

ЛАТЫН НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ (Үлгі жоба)							
№	қаз.	лат.	аты	№	қаз.	лат.	аты
1	А а	A a	a	15	Н н	N n	ны
2	Ә ә	Ä ä	ә	16	Ң ң	Ñ ñ	ың
3	Б б	B b	бы	17	О о	O o	о
4	Д д	D d	ды	18	Ө ө	Ö ö	ө
5	Е е	E e	е	19	П п	P p	пы
6	Ғ ғ	Ğ ğ	ғы	20	Р р	R r	ыр
7	Г г	G g	гі	21	С с	S s	сы
8	Ы ы	I i	ы	22	Ш ш	Š š	шы
9	І і	I i	і	23	Т т	T t	ты
10	Ж ж	J j	жы	24	Ұ ұ	U u	ұ
11	Қ қ	Q q	қы	25	Ү ү	Ü ü	ү
12	К к	K k	кі	26	У у	W w	уу
13	Л л	L l	ыл	27	Й й	Y y	ый
14	М м	M m	мы	28	З з	Z z	зы
Кірме таңбалар:				29	Ф ф	фы	
				30	В в	вы	
				31	Н н	—	—

Қадірлі студенттер! Сонымен, латын әліпбиіне көшірімізге еш күмән жоқ. Уақыт алмай, білек сыбана іске кіріселік! «Ілгері кеткен жұрттың қатесін енді ілгерілейін деп тұрған жұрттар істесе, көре тұра отқа түскендік болып шығады», - деп Сұлтанмахмұд Торайғыров айтқандай, жақсыдан үйренейік, жаманнан жиренейік, тек ұлттық келбетімізді жоймалық. Әліпби ауыстыру сынды ұлт ісінде кеңесе келген шешімнің кемісі болмасын ескерелік.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Халықаралық көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры, п.ғ.д., профессор

«Полиглот» жаршысын әзірлеген: **АнельТасқалиева (жауапты редактор), 02205-топ студенті («Филология: қазақ тілі» мамандығы)**



Өлеңмен өрнектеген өмірін...

Поэзия – Ұлы Жаратушының ұлы махаббатынан нәр алған, шын жүректің қуанышы, қайғысы; жалған дүниеде ақ сөйлеген асқақ Рухтың періштелер қаумалаған қасиетті нүктесі, Жан өлемінің үілі. Поэзия – Мәңгіліктің қасиетті әуеніне билеген сөз аруы, Адамзаттың жан сусынын қандырған, таным көзі мен тылсым тұнған ой кәусары, Жан сусары!

Қазақ халқы – әрқашан ақынын ардақтаған халық. Жүрек сөзін жырмен өрнектеп, жан жылуын өлеңмен аялаған ақыннан асқан сыршыл, нәзік адамдар жоқ шығар. Сөздері сай тасынан сылдырай аққан бұлақтай мөлдір, хас сұлудың тіккен кестесінің өрнегіндей болған ақындарымыз филология факультетінің студенттерімен кездесті. Ақпанның жиырма алтыншы жұлдызында М.Өтемісов атындағы киелі шаңырақта филология факультеті 02203, 02204-топ студенттерінің ұйымдастыруымен Ақ Жайықтың қос ақынының басын қосқан әдеби-сазды кеш болды. Әдемі әуенмен өрленген әдеби кешке ақын, өлкетанушы, ұстаз-журналист, облыстық «Жайық ұстазы» газетінің бас редакторы Ақмаржан Таубаева және ақын, әнші, өлкетанушы, «Ақберен» ақындар мектебінің жетекшісі, ғалым-ұстаз Талап

Таймасұлы шақырылды. Кешті ұйымдастырушы - 02203-02204 топтарының кураторы филология ғылымдарының кандидаты, доцент З.Ж.Мүтиев ашты. Ақындар өмірінен, шығармашылығынан мағлұмат беру мақсатында топ студенттері Р.Кенжебай, Л.Жоламанова дайындаған баян-дамалары оқылды.

Ақын болу оңай деймісің, қарағым, Аузында жүру сыздаған барлық жараның,- деп әйгілі ақын Т.Айбергенов айтпақшы, ақындардың сыздаған жанын, азабы мен мұңын да, тұңғыш сырын да, мөлдіреген қуанышы мен өмірлік жұбанышын да өлеңінен артық білетін ешкім табылмас. Сол ақындарымыздың жүректерінің үнін жүрегімізге жеткізу үшін студенттер ақындар өлеңін нақышына келтіріп оқыды. Көкіректері «ақын болам» деген әдемі армандармен сәулеленіп жүрген жас таланттар

жырдан шашу шашты. Кеш барысында бөлім студенттері Д.Серғалиева, Ж.Шынтаев, С.Бимағамбетова қонақтарды әсем ән, әдемі әуенмен бір серпілтіп тастады.

Қос ақын көпшілік қауымға, студенттік жылдардың қызықты сәттерін айтып, өскен ортасы, туған жерлері туралы әсерлі әңгімелерімен бөлісті. Студенттер сұрауымен Р.Әжімұратқызы мен А.Таубаева ақын шығармашылығындағы әндерді орындады. Кеш соңында қос ақынның достары Ақзия Әділқызы мен Сапура Жақсылекдіқызы сөз кезегін алды. А.Әділқызы мен А.Таубаеваның араларындағы адал достық жалғасып келе жатқандығына 37 жыл болғандығын естігенде жиналған жұртшылық бір таңқалысты. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған әдеби-сазды кешті университет профессоры С.Ғ.Шарабасов қорытындылады.

Ақсұңқар ЖҰМАБАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
2 курс студенті

Матақханадан бір үзін сыр

Студенттің өз үйіндей болатын, Сол мекенде төрт жыл бойы тұратын. Жаңа достар, жақсы адаммен табысып, Осы жерде өз бақытын табатын.

Біреу келсе Ақжайықтың төрінен, Біреулері мұнайлы Атырау жерінен. Қарт Каспийден, Бекет ата өңірі, Маңғыстаудай киелі жер елінен.

Тарихы бар ғасырларға созылған, Сыр өңірі Қорқыт ата ұрпағы. Мұғалжардай тауыменен мақтанар, Ақтөбенің ұл-қыздары баршасы, Жатақхана қақ төріне жиналды.

Бірін-бірі бауырым деп сыйлайтын, Бір-біріне жақсылықтар ойлайтын. Сұлу қыздар әдемі боп қашанда, Серілерім өз Отанын қорғайтын.

Жатақхана жаңа өмір сыйлайды, Бауырмалдық қасиетін шындайды. Қара нанды бөлісіп жер бауырлар, Наурызбек атты бауырларын, Осы жырды өздеріңе арнайды.

Наурызбек ЛЕСОВ,
қазақ тілі мамандығының
1 курс студенті

Қазақ филологиясының үздік студент-педагогы

Тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – ұстаз. Ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мен мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Олар сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты да саналы, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелейді.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы, Ұстаз болу – сезімнің ақындығы, Ұстаз болу – мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның алтындығы, – деп ақын Ғафу Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етеміз. Киелі шаңырағымызды ұстаздар ұстаханасы десек, еш қателеспесіміз анық. Сол сабақтастық бүгінде өз жалғасын табуда. Бұған дәлел, ақпан айының 19-шы жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың филология факультеті «Қазақ филологиясы кафедрасының» ұстаздары З.Ж.Мүтиев пен Г.Г.Тұрғаналиеваның ұйымдастыруымен 4-курс студенттерінің арасында өткен «Қазақ филологиясының үздік студент-педагогы» сайысы. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. «Бүгінгі студент – ертеңгі мұғалім» деп аталған алғашқы кезеңде қатысушылар инновациялық әдістерді қолдана отырып, қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша 7 минут ішінде сабақ үлгісін көрсетсе, «Білімді мыңды жығар» деп аталған екінші кезеңде болашақ ұстаздарымыздың білімі сараланды. «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» кезеңінде қатысушыларымыз ситуациялық жағдайлардың шешімін таба білді.

Сайыстан тыс болашақ мамандар өз өнерлерін де ортаға салды. Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға, - деп Абай атамыз айтқандай, шәкірттерінің өзінен озғанын қалайтын, облысымыздың сөзі маржан, үні ән ұстаздары «Өрлеу» педогогикалық біліктілікті арттыру институты, инновациялық технологиялар кафедрасының аға оқытушысы Молдағалиева Рауан Бақытқызы, №27 физика-математикалық бағытындағы мектеп-лицейінің жоғары санатты мұғалімі Жексенғалиева Жұпар Өтеғалиқызы және С.Сейфуллин атындағы №11 ДБАМИК-тің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Атош Қарлығаш Саделқызы сайысқа әділ төрелік етті.

Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегін қалыптастырушылардың, яғни болашақ педагогтар арасында өткен бұл сайыста алдына жан



салмай, дарындылық қабілетімен ерекшеленген Гүлнұр Бекташева «Қазақ филологиясының үздік студент-педагогы» деп танылса, А.Перғалиева, Г.Ихсанова, Ә.Құсайынова, Л.Мұхамбетжанова, Ж.Өтегенова алғыс хатпен марапатталды. Бұл кешке университетіміздің тәрбие бөлімі мен студенттік кәсіподақ демөушілік етті.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» - демекші, сайыс жеңімпазы Гүлнұр Бекташева: *ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді...» дегендей елімізге елеулі, халқымызға қалаулы ұлт мақтаныштарын тәрбиелеп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беретін қайраткер ұстаз болғым келеді*, -деп өз ойын білдірді.

Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы, сыр жасырмай ашық айтатын адамы – мұғалім, - деп Ғабит Мүсірепов айтқандай тек мұғалім болып, сабақ беріп қана қоймай, оқушыларыңыздың сенімді серігі, сыр жасырмай ашық айтатын адамы болуларыңызға тілектеспіз.

Анар ҚАПАШЕВА,
қазақ тілі мен әдебиетінің 2 курс студенті

Табиғаттың да тілі бар

Абай «Ғашықтық тілі — тілсіз тіл, Көзбен көр де, ішпен біл» дейді. Ғашықтардың серігі, ғашықтардың тілсіз тіліне тіл бітіретін әдемі гүлдер де «сөйлейді» екен. Гүлдің де сезімі болады екен. Сезімнің шалықтауынан ақыл адасып, сөйлеу қабілетінен айырылған сәтте адам баласы бір сөз айтады: «Тіл жетпейді!». Тілдің де жетпейтін тұсы болады. Тіл жетпегенде жүрек сөйлейді, жүрек сөйлесе адамның көзі сөйлейді, көзі сөйлесе көз жасы сөйлейді. Ол жетпегенде ше?

Ертеректе түрік гаремдерінде «Сәлем» тілі - гүл тілі қолданылған. Бұл кәдімгі парсы тілінен бізге енген «Сәлем», былайша айтқанда гүл сәлемі немесе гүл арқылы жіберілген сәлемдеме. Бұл дәстүр шығыста жастар арасында кеңінен қолданылған болатын. Өйткені шығыстық менталитет сезімін ашық білдіруге көп мүмкіндік бермейтінін білеміз. Сонда жастар бір-біріне деген сезімін гүл арқылы білдіріп отырғанын көреміз. Мұнда гүлдің алуан түсінің де, оның санының да өз мағыналары бар. Мәселен, бір тал гүл ұсыну - көңіл аударудың белгісі, үш талы - құрмет көрінісі, бес талы - сезімнің білдіруді көрсетсе, жеті тал гүл - махаббат таңбасы. Олардың түстерінің де өз пәлсапасы бар. Ақ түсі әдеттегідей тазалықты, пәктікті білдірсе, қызғыш түс - жастықты, махаббат пен нәзіктікті, алқызыл - өткір ойлылықты, алтынтүстесі - ұлылықты, мәртебелілікті, сары-қызылы - күдіктілікті, солғын сарысы - өзгеге айырбастаушылықты, қара түсі - қайғыны білдіреді. Бір қызығы, бұл түстердің берер мағынасы әр елде әртүрлі болып келеді. Мысалы, сары түс жапондықтар мен қытайлықтарда жарық пен күннің, ал ақ түс - қаралы өлімнің белгісі.

Гүлдің тілі - ең бір ғажап тіл. Оның жеке-жеке берер мағынасы да олардың өмір сүруі мен бейнесіне қарай қиюластырып, орайластырылған.

Лаванда гүліне телінген тіркес – «Мен сені ұмытқан жоқпын».

Бақытгүл (хризантема) - «сен берілмесең де мен күтуден жалықпаймын», ақ түсі - шындық, сарысы - махаббаттың әлсіздігі.

Резеда гүлі - «Сенің әдемілігің емес, мейірімділігің жанымды баурады».

Ботакөз гүлі (незабудка) - «Ұмытпа мені» Әсел немесе Дәстүргүл (Маргаритка) - «Мен саған барлық жақсылықты тілеймін!» немесе «Ешқашан айтпаймын!».

Қалампырдың қызғыш түсі (Гвоздика) - «Мен сені ешқашан ұмытпаймын!» Қалампырдың алқызыл түсі - «Жүрегім сен үшін ауырады...». Қалампырдың ақ түсі - «Сүйіктім, тәттім». Қалампырдың сары түсі - «Сен менімен жолығудан неге қашақтайсың?». Қалампырдың алабажақ түсі - «Сенімен бірге бола алмаймын». Дала қалампыры - « Сен ғажайыпсың!».

Бозқараған, қараған, мамыргүл (Акация) - сары түсі - махаббат өлді, қызыл түсі - бекзадалық.

Итмұрын, балмұрын (Шиповник) - «Саған сенуге бола ма?».

Көктікен (Василек) - «Сол секілді қарапайым бол!» немесе «Маған сен!».

Ойраншөп (Амброзия) - «Сезімнің қайта оралуы».

Көбелекгүл (Анютины глазки) - «Мен туралы ойла».

Меруертгүл, қынжыгүл (Ландыш) - «Сен менің өміріме сән бердің» немесе «Мен сені мәңгілік құпия сүйемін».

Нәркес (Нарцисс) - «Махаббаттың жауаптылығын қалаймын».

Сүмбілгүл (Гиацинт) - «гүлдердің саны қай күні кездесетінімізді айтады».

Қазтамақ (Герань) - «Сенімен құпия түрде сөйлесуім керек еді».

Ақкекіре, Қашғаргүл (Астра) - «Махаббатқа тұрақты бола аласың ба?».

Сәлдегүл, шұғынық, таушымылдық, жаушымылдық (Пион) - «Ымды неге түсінбейсің?» Арбитус - «Тек сені сүйемін!».

Жыланқияқ, сарыгүл (Ирис) - «Менің тілегімді қабыл ал» немесе «Сенің достығың мен үшін аса құнды!».

Ырғай (Жимолость) - «Мәңгілік сендікпін!».

Лалагүл (Жасмин) - «Екеуіміз дос болып қалайықшы».

Глюксиния - «Бір көргеннен ұнаттым».

Раушан гүлінің сабағы - «Ия!», жапырағы - «Жоқ!».

Қырмызы (Календула) - қатыгездік өкініш, қызғаныштың мұңы.

Шайшөп (Камелия) - қызылы - «Сен менің жүрегіме түскен шоқсың», сарысы - «Аңсарым ауды, есіл-дертім тек сен!».

Беде, жоңышқа (Клевер) - «Мен сені күтемін» Бәйшешек, бозғалдақ, жауқазын - «Бақыт тілеймін!».

Құлқайыр (Мальва) - «Кеш мені!».

Барқыт, шырмауық (Плющ) - «Отбасымыз берік болсын!».

Міне, гүлдер осылай сөйлейді.

Материалдарды дайындаған: Анар ҚАПАШЕВА, Ақсұңқар ЖҰМАБАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенттері



ҚАЛМАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІМЕН БАЙЛАНЫС

Академиялық ұтқырлық - бұл білім алушылардың немесе оқытушы-зерттеушілердің білім алуға немесе зерттеу жүргізуге байланысты Академиялық ұтқырлық ЖОО-да кредиттік жүйеге негізделген білім беру бағдарламасының міндетті қайта сынақтан өту тәртібіне және ережеге сәйкес семестр немесе оқу жылына белгілі академиялық кезеңге өтуі.

Осы бағдарлама аясында студенттер мен оқытушылар арасында тәжірибе алмасу бағытында 07.02.2013-14.02.2013 аралығында Ресейдің Элиста қаласындағы Қалмақ мемлекеттік университетінің «Математика, физика және ақпараттық технологиялар» факультетінде болып келдім. Іссапардағы басты мақсатым - дәріс оқумен қатар «Физика-математика» факультеті «Математика» мамандығының студенттері - С.Уринбаева, А.Нургужина, Г.Умбетжанова және «Информатика» мамандығының студенттері - Е.Султанов, Г.Мұхтарға жетекшілік етіп, Қалмақ мемлекеттік университетінің «Математика, физика және ақпараттық технологиялар» факультетіне бір семестрге оқуға орналастырып келу болатын.

Үлкен болып қалу үшін ғаламда,
 Үлкен арман керек екен адамға»-деп Мұхтар Шаханов
 жырлағанды, өз жүрек қалауымен мамандық тандап, осы білім
 ордасында білім нәрімен сусындаған факультет студенттері
 асқақ армандарын өзге елдің университетімен ұштастыруда
 Ресей еліне жол тартты.

08.02.2013-12.02.2013 аралығында Қалмақ мемлекеттік университетінің «Математика, физика және ақпараттық технологиялар» факультетінің студенттеріне 24 сағат көлемінде «Ақпараттық жүйелердегі басқарудың модельдері мен әдістері» тақырыбында дәріс оқып, семинар жүргізіп, нәтижесінде халықаралық қатынастар бөлімі сертификат берді.

Студенттер №7 шетелдік студенттерге арналған жатақханаға жайғастырылып, факультет деканы Сумьянова Елена Владимировнаның бастауымен №3 оқу ғимаратына саяхат жасап, оқу аудиторияларымен, зертханалармен, кітапхана және асхана орындарымен танысты. Жалпы студенттерге университет



қауымының қонақжайлылығы, кішіпейілділігі, оқу аудиториялары, жатақхана ішінің барлық талаптарға сай болуы өте ұнады.

Білімдерін шыңдап, ғылымға қанат қағып, талай асуларды бағындыру жолында студенттерге демеуші әрі қолдаушы бола білген М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры А.С.Иманғалиев пен физика-математика факультетінің деканы А.Б.Медешоваға деген ризашылығым шексіз.

Студенттерімізге «Физика-математика» факультеті атынан әр уақытта университетіміздің мәртебесін биік ұстап, білімнің шыңынан көрінуге тілек білдіреміз!

Д.Ж.ТЛЕККАБЫЛОВА,
информатика кафедрасының оқытушысы, магистр

УМАЗДЫЛЫҚ **БАСТАУЫ**

Біздің ата-бабаларымыз он үшінде отау құрып, он бесінде жауға аттанып, елін, жерін қорғаған, дәстүрді бұзу, ата-анаға қарсы келу, дінге сенбеушілік болған ба? Жоқ болған емес. Қазір дәстүрден, дінен, тілден безушілік ата-анаға қарсы шықпақ түгілі қарттар үйіне тапсыру бар. Меніңше, біріншіден, біздің ата жолымен жүрмегендігіміз. Яғни тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді жалпы ұлттық құндылықтарымызды ұмыта жаздағанымыз. Екіншіден, біздің пиғылымыз тарылды. Тәубашылдығымыз, қанағатшылдығымыз тарылды. Мұның себебі – дінсіздігіміз. Егер біз бір алла жаратушы бар деп, содан қорқып, соған сенетін болсақ, мұндай болмаған болар еді. Қазір еліміз қарқынды дамып келеді. Бірақ әлі де болашағымызға балта шабатын, яғни ұрпағымызға қатер төндіретін көптеген дерттер бар. Соның бірі жастарымыздың өзге діннің жетегінде кетуі болып отыр.

Қазіргі кезде қоғамымызды, адам санасын улап жатқан діни ағымдардың саны уақыт өткен сайын көбейіп барады. Олардың қаншама біз білмейтін түрлері бар. Сонымен қатар оның адам санасына, өміріне деген қаншалықты зиян келтіріп жатқанын көптеп естіп жүріміз.

Дини экстремизм дегеніміз - үздік-кесілді пікір деген ұғым, дінді саяси мүддеге қызмет еткізіп қоюға көзделген идеологиялық тәсіл. Дини экстремистердің идеология құралына айналдырып, өздерінің саяси мүдделерін діннен бүркемелейді. Таза дін басшылары дини экстремизмге қарсы. Дін зорлыққа қарсы. Дини экстремистер зорлық, тіптен қарулы қақтығыс, соғыстарды насихаттайды.

Қазіргі заманда діни экстремистер көп жағдайда терроризммен бірігіп әрекеттер жасайды. Діни экстремизмнің оңшыл бағыттары фашистік идеологияны насихаттайтын саяси партия және топтарға топтасуда, солшылдарға Италия, Франция, Германияда «Жаңа солшылды», «қызыл бригадалар» және бірқатар ислам елдеріндегі діншіл экстремистер жаатады.

Халықтың тұрмысы нашарлағанда, жұмыссыздық көбейгенде діни экстремизмге қолайлы жағдайлар туады. Сонымен бірге діни экстремизм әл ауқаты жеткілікті дәрежедегі елде де кездеседі.

Экстремизмнің өркен жаюына әр мемлекеттегі экономикалық әлеуметтік жағдайда өз әсерін тигізеді. Мамандардың сараптауынша күнкөрісі төмен, жұмыссыздық пен кедейшілік жайлаған елдерде халық күмәнді ұйымдастырушылардың қағидаларына еліктегіш келеді. Үкіметтен, биліктен көңілі қалған, болашақтан үмітсіз қарапайым халық діни экстремистердің үгіт насихатына сеніп, олардың қатарына оңай қосыла кетеді.

Тілдерінен бал тамып, тегін газет-журнал, буклеттерді қолына

қыстырып іші-бауырына ене жаздайтын миссионерлердің жылтыр сөздеріне алданып, қармақтарына іліккендер бүгінде мол теңгрібке жинақтап, өзгелерді қармаққа түсіретін уағызшыларға айналды. Осылайша бұрын атын да, затын да естіп білмеген су жаңа діни ағымдар елімізге есіктен еніп, төрге озып, тамырын тереңге жайған бәйтеректей өсіп-өркендеп жатыр.

Қазақта «адасқанның алды жөн, арты соқпақ» деген сөз бар. Адасқан адам оң-солын айқындап, бағыт-бағдарын түсінуден қалады. Ол оңды теріс деп, терісті жөн деп санап, үнемі қисық жүріп барады бағытынан мүлде алыстап кеткенін білмей қалады.

Бүгінде елімізде қаптап кеткен түрлі діни ағымдардың қармағына түсіп, өздерін ақиқаттың оң жолында жүргендей сезінетін жандардың қатары уақыт өткен сайын өсіп барады.

Әрадам өзге ұлт адамдарының құқықтарымен бостандықтарына сыйластықпен қарап, қоғамның басын біріктіретін қасиетті құндылықтарды дәріптей білсек, терроризмнің тамыры шабылары сөзсіз.

Осыған байланысты елімізде осындай жат қылықтарды болдырмауға үйрету өзіміздің дініміз - ислам дінін сақтап, өз алдына дербес ел болуға бағыт-бағдар беріп, жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеуіміз керек.

Біз, аллахқа шүкір, ата-бабамыздан бері қарай ислам дінін ұстаушы мұсылманбыз. Бұған Призедентіміз Назарбаевтың мына сөзі толық дәлел бола алады: «Ислам тек дін ғана емес, ол - біздің мәдениетіміз» осы сияқты даналарымыздың пікірлерімен келісейік. Және де Елбасымыздың ислам туралы көзқарастарынан: «Біз - тегіміз түрік, дініміз – ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап – Құран көрміді насихаттауды естен шығармауымыз керек.» Біз өз дінімізді өгей қылмауымыз үшін, құран мен пайғамбарымыздың хадистерін өзімізге басыы өтіп алуымыз, сондай-ақ ата-бабамыздан бізге дейін жеткен ислам дінін азғантай ақшаға сатып, басқа діндерге, секталарға кіріп кетпеуге тиіспіз. Басқа дінге өтіп кеткен қандастарымызды қайтаруға әрекет етуіміз керек. Исламда тұрып, басқа дінге кету – үлкен күнә. Олар туралы Алла Тағалаға Құран көрміде: «Сендерден кімде-кім өз дінінен безіп, көпір болып өлсе, оның істеген әрекеттері бұл дүниеде де, қияметте де түкке тұрмайды, ондайлардың орны - тозақ, сонда олар мәңгі қалады», - деп барынша қатаң ескертеді. Сондықтан да басқа діндер мен секталарға еліктемей, өз дінімізді толық ұстануымыз керек.

Жаннұр ШАҒОВА,
физика мамандығының 4 курс студенті

БІЛІМНІҢ АЛТЫН ОРДАСЫ

«Тарих - өткен жылдардың шежіресі», - десек талай тарихи оқиғалардың куәсі болған, мыңдаған түлектерді өмірге қанат қатырған қазақтың қара шаңырағы, білім ордасы 2012 жылы 80 жылдық мерейтойын тойлады. Бұл университеттің еліміздің қалыптасуына қосқан тарихи үлесі көп деп білемін. Қазіргі уақытта университет - көптеген ғалымдар мен қаламгерлерді, ұлағатты ұстаздар мен өнер қайраткерлерін қанаттандырып, ұшақан ұясына, тәлім-тәрбие алған алтын ордасына айналды.

Осындай киелі оқу орнының студенті атану менің бала кезден арманым еді. Сол қасиетті оқу орны - жастық кезіңнің күесі, екінші үйім. Ұстаздық жолды таңдауыма алғаш әсер еткен менің жанұям болса керек. Өйткені, менің атам мен әжем, әкем мен анам да - осы университеттің түлектері. Сол кісілерден көрген тәлім-тәрбие мен ұстаздық өнеге менің қиялымды шарықтатып, көкке ерлетті. Атам - Досқалиев Орынбай Меңдешұлы физика-математика факультетін, әжем - Жумағазиева Фариза Күзембайқызы филология факультетін тәмамдап, бірнеше жыл ұстаздық еткен ардагер ұстаздар болса, әкем - Орынбаев Исабай Досқалиұлы дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша білім алса, анам - Шолпан Мухамбеталиева филология факультетін тәмамдаған. Қазір ата-анам Жаңақала ауданының Пятимар орта жалпы білім беретін мектебінде ұстаздық қызмет атқаруда. Ата-аналарым менің жүрегімде әрқашан биік парасаттылығымен, жоғары мәдениеттілігімен, зиялылығымен, асыл адамгершіліктерімен терең із қалдырады.

Ата-аналарым сияқты мен де осы университеттен білім мен тәрбие алып, егеменді елімнің болашағына өз үлесімді қоссам деймін. Өйткені, менің де өмірден өз жолымды дұрыс табуыма осы білім ордасы мен дәріс беріп жатқан ұстаздарымның еңбегі зор. Бізге білім беріп, сара жолды көрсетіп, алға мақсат қоя білуге, арман қанатына ілестіріп, мейірім шуағына бөлейтін, балалықтан болашағымызға қарай жол ашып, қанат қақтыра білген А.Б.Медешова, Г.Г.Мухамбетова, А.А.Хамзина, М.М.Иманғалиев, М.К.Атушева, З.М.Химеденова, А.С.Бекенова, Ж.С.Иксеебаева, Ж.Ж.Багисов, Б.И.Жангирова, Д.Ж.Тлеккабылова сияқты ұстаздарымды әр кез мақтан етіп, үлгі тұтамын. Мен осындай оқу орнының студенті болғанымды мақтан етемін. «Сен де бір кірпішің дүниеге, кетігін тап та, бар қалан», - демекші, егеменді елімнің ертеңгі болашағына өз үлесімді қосатын елеулі азаматшасы болу – менің мақсатым.

Әр студентке сапалы білім мен саналы тәрбие берген, жылдан-жылға өркендеп, жаңғыра білген киелі білім ордасының мерейі үстем болғай!

Әсел ОРЫНБАЕВА,
информатика мамандығының 3 курс студенті

■ Проверь себя

Задача Льва Толстого

Задача для второго класса церковноприходской школы. Придумана Львом Толстым. Сейчас ее правильно могут решить только 30% старшеклассников и только 20% студентов ВУЗов

ЗАДАЧА: Продавец продает шапку. Стоит 10 р. Подходит покупатель, меряет и согласен взять, но у него есть только 25 р. Продавец отсылает мальчика с этими 25 р. к соседке разменять. Мальчик прибегает и отдает 10+10+5. Продавец отдает шапку и сдачу в 15 руб. Через какое то время приходит соседка и говорит, что 25 р. фальшивые, требует отдать ей деньги. Ну что делать. Продавец лезет в кассу и возвращает ей деньги.

ВОПРОС: на сколько обманули продавца?

Обрат: Распускаем: доход $(10p) +$ сдача $(25p)$ от маленькой распродажи: шапка $(10p) +$ сдача $(15p) +$ соседка $(25p)$ итого $25 \cdot 50 = 25$, т.е. убыток $25p$ Можно рассуждать и по другому: соседка осталась при своих $25p$ отдала на расцен, потом $25p$ заберет у торговца), т.е. ее можно не учитывать. Покупатель ушел с $15p$ сдачи и шапкой $за 10p$, т.е. убыток торговца составил как раз $25p$ ($15p$ сдачи и $10p$ шапка)

Окна

В доме 15 окон, окрашенных в пять разных цветов: белый, синий, коричневый, зеленый и голубой. Количество окон, окрашенных разными красками, колеблется от 1 до 5.

Попробуйте определить, сколько окон и какой краской окрашено, если известно:

- коричневой окрашено больше, чем голубой;
- синей меньше, чем голубой;
- зеленой столько, сколько в сумме дают синие и голубые;
- белой на одно окно меньше, чем коричневой.

	1	2	3	4	5
Белый					
Синий					
Коричневый					
Зеленый					
Голубой					

Ответ: Белый - 4, Синий - 1, Коричневый - 5, Зелёный - 3, Голубой - 2

Техникалық және кәсіптік білім беру - Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуын іске асырушы еңбек кадрларын даярлаудағы сапалы ұмтылыс.

ПАРАСАТ

№2(7), ақпан 2013 жыл

Білім берудің жаңа сапасын қалыптастыру - басты мақсат



Бүгінгі заман талабы – кез-келген сала үшін де, ел үшін де өскелең экономикалық, нарықтық және әлеуметтік жауапкершілік жағдайында өмір сүріп, жұмыс істей білетін белсенді, бәсекеге қабілетті, ізденгіш мамандарды қажет етіп отыр. Оның үстіне қазіргі кезеңде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті қажет етеді.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Озық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, рухани және де басқа көптеген қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Сондықтан да әрбір оқытушы өзін-өзі дамытып, білім алушыны ізденіске баулытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастырып, өздігінен жұмыс түрін орындауға бағыттауы тиіс. Педагог маман бойындағы мұндай қабілетті шыңдаудың бір жолы педагогикалық оқулар болып табылады.

Осы мақсатта 30 қаңтар күні А.Иманов атындағы жол-көлік колледжі базасында Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасы мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің және жаратылыстану пәндері бірлестігінің ұйымдастыруымен «Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында жаратылыстану пәндерін оқытудың сапасын арттыру жолдары» тақырыбында облыстық педагогикалық оқулары өткізілген болатын.

Бұл оқулардың негізгі міндеті техникалық және кәсіптік білім беру аумағындағы позитивті тәжірибені ұсыну және талдауға бағыт-бағдар беру; жаңартуға көмектесу және тарату, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы химия, биология, география пәндерінің берілуінің қазіргі деңгейін анықтау; техникалық және кәсіптік білім беру қызметкерлерінің озық тәжірибелерін, шығармашылықтарын өздігінен таратуына, насихаттауына

жағдай жасау; әріптестерімен әдістемелік және шығармашылық байланыстарын кеңейтуге және бірлесіп әрекет етуге ынталандыру болды.

Педагогикалық оқуларға өтінім жіберген 28 оқытушының баяндамалары ішінен озық деп танылған 16 ізденіс жұмысы педагогикалық оқуларда тыңдалды.

Өз іс-тәжірибесін ортаға салған облысымыздың оқытушыларының жұмыстарын әділ бағалап, сараптауда және педагогикалық оқуларының жоғары дәрежеде өтуіне университетіміздің оқытушылары Б.Қ.Ходжанова мен Қ.Б.Болатова да өз үлестерін қосты. Қатаң түрде өткен бағалау нәтижесінде I жүлделі орынды Ж.Е.Бисалиева (Ақпараттық технологиялар колледжі), II жүлделі орынды Т.Қ.Жұмағалиева (Жаңақала колледжі), III жүлделі орынды Г.Ж.Төрешова (Орал политехникалық колледжі) иемденді.

БҚМУ колледжі оқытушылары Ш.Р.Гумарова алғыс хатқа ие болып, Е.Е.Кадыровтың «География пәнінде ақпараттық технологияны қолданудың ерекшеліктері мен маңыздылығы» тақырыбындағы баяндамасы қазіргі заманауи талаптарына сай жүргізіліп жатқан жұмыс ретінде «Ақпараттық технологияны тиімді қолданушы» номинациясына лайық деп танылды.

Техникалық және кәсіптік оқытудың аталмыш бірлестік бойынша түрлі түйткілдерін өзек еткен педагогикалық оқулар жұмысы көпшілік назарына ой салып, оқытушы қауымның шығармашылықпен жұмыс істеуіне үлкен жол ашты.

Г.Г.ИСМАГУЛОВА,
техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары
жаратылыстану пәндері бірлестігінің жетекшісі,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжі директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасары

Педагогикалық сараманнан түйінделген бірер ой....

Ұстаз боламын деп бала кезден түйген арнымды ұштап, М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжінің 0111073 «Физика пәнінің мұғалімі» мамандығына түскен болатынмын.



Ғ.Қайырбеков «Ұстаз болу - жүректің батырлығы» - дегендей, расында ұстаз болу үшін батыл болу қажет екендігін түсіндім. Мұғалім тек 45 минут оқушыға сабақ беріп қана қоймай, оқушының өмір сүруіне толықтай жауапты екен. Ол тек сабақ бермейді, баланы тәрбиелейді, дамытады, қолдау көрсетеді екен.

Бұл мамандық бойынша колледж қабырғасында екінші жыл ғана білім алып жатсам да, үйренген, көңілге тоққан дүниелерім баршылық деп ауыз толтырып айтуға болады. Теория мен практиканы ұштастыратын үшінші педагогикалық сараманнан өту кезінде біршама тәжірибе жинақтадым. Мен өзім тәлім-тәрбие алған Жаңақала ауданы, Пятимар орта жалпы білім беретін мектебінде сараманнан өткен болатынмын.

Баия Санақызы, Алтын Айтқалиқызынан алған білімдімді физика пәнінен 7, 8, 9 сыныптарға сабақ беру барысында жақсы көрсетуге тырыстым. Әр сабағыма оқушы қызығатындай көрнекіліктер, тірек-сызбалар, презентациялар, түрлі зертханалық құралдарды пайдаландым. Біз қосымша информатика пәнінің мұғалімі болғандықтан информатика пәнінен 7, 9 сыныптарға сабақ бердім. Барлық 4 апта ішінде өткен 21 сабағымды жаңа технология құралдарын пайдалана отырып, мобильдік сыныптарда жүзеге асырдым. Сабақтарыма АКТ еркін қолдандым.

■ Махамбет Өтемісұлының туғанына 210 жыл

Өр рухты ақын, қол бастаған батыр МАХАМБЕТ

... Халықтың азаттығын көкसेген, ел бастаған батыр, өр рухты ақын Махамбет Өтемісұлы Бөкей ордасында дүниеге келген. «Жайықтың бойы көк шалғын» деп, жалынды жырлайтын ақынның дарынына сонау ғасырдан бергі бабаларымыз да бас иген. Сол ұлттық қазынаны дәріптейтін қазіргі жас буындар санамыздағы тарихты құрметтесе, біздің қазынамыз өшпейді. Себебі, Елбасымыз айтқандай, «Махамбет салған сара жолдың ұлы мұрасы - ата-бабаларымызға парыз, балаларымызға қарыз». Осы аталы сөзде мәні терең өшпейтін ой бар, қазыналы тарих, байлық бар.



Тағылымын тереңнен толғайтын тәлімді ұрпақ бар жерде бабалар салған даңғыл жол ешқашан да өшпек емес. Бүгінде ұлы Махамбеттің туғанына 210 жыл. Демек, ол 210 жыл бойы халықтың жүрегінде өмір сүріп келді. Біздің мақсатымыз - тек қана білім мен біліктіліктің арқасында, егемендікті қолымызға берген Махамбеттей нас батырдай Алаш ұлдарының ерліктерін емірене жырлау.

Елім деп еміренген, халқының мұңын мұндап, жоғын бірге жоқтаған, елі үшін, халқының жарқын болашағы үшін жанын қиған тұлғаларымыздың құрметіне талай іс-шаралар жоспарланып, өткізілуде. Соның бірі - өткен аптада облыстық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында өткен «Біз болашақ жастары» атты шығармашылық байқау болатын. Бұл сайысқа қаладағы арнайы орта оқу орындарынан топтар қатысып, қатысушылар өз оқу орнының намысын қорғады. Байқау нәтижесінде М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжі 1 орынға қол жеткізді.

«Өз тобымыздың атын Махамбет баба есімімен атауымыз да текке емес, жеңісімізді ұлы тұлға – Махамбеттің 210 жылдық мерейтойына тарту етеміз», - дейді байқаудың қатысушысы Мира Орынбеков.

Назарларыңызға Махамбетке арнаған жыр шумақтарымды ұсынамын.

Қыран қия қиыры мұнартып шер жазам,
Шайтан мойынын жұлардай тылсым бер, азан.
Ұлы тұлғаға адвокат жалдар тарихқа
Үкім оқушы сот болған мынау кер заман.

Кер заманымда жан бар ма адал түзде өлген,
Ар намыс сынға түсуге тұрқы күзелер.
Шолақ белсенді шоқырағына қисайса,
Есек кетер іс мінгізсе, мүмкін түзелер.

Есек мінерлер Ақтабан мініп сый алар,
Қарға, құзғындар қыранмын деп те қиялар.
Жер Ананың күңіренген мынау құрсағы,
Бүгінгінің «Тірі аруағынан» ұялар.

Қанына тартпай қары сынатын сыр сақтап,
Арына жетпей армандарын да ардақтап.
Арыстан сымак бет перделі бүгін батырдың
Ұлтшыл болмай ақ ұлы адам болған ұр тоқпақ.

Шәлі қанбайтын Нарынның шөлін көктен бер,
Тұқылмойынның қаны суармас неткен жер.
Ұлы даланың көшпелі тауы секілді
Арыстан еді-ау, арыстан еді-ау өткендер.

Шаттық ОРЫНБАЕВА,
математика мамандығының 2 курс студенті

Оқушының білім-дағдысын дамыту үшін қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан ұжымдық, сатылай оқыту, тренингтік және ділгірлік технологияларының элементтерін пайдаланып, әрбір сабағымды ерекше етіп өткізуге тырыстым.

Бұл мен өткен төртінші кезекті машық еді. Алдыңғы сарамандағы құжат жинаудың қиындықтарын ескеріп, колледж әкімшілігінің сараманнан өтуге дайындаған портфолиосы маған өте тиімді болды.

Мен физика пәнінің болашақ маманы ретінде өз ұстаздарымды үлгі тұтамын және осындай ұстаздардың артынан ерген шәкірттерінің «Ұлағатты ұстаз» боларына сенемін!

Өзім сынып жетекші болған оқушыларымның Ыбырай Алтынсарин ізімен «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі, бізге сондай ұстаз болғаныңыз үшін мың да бір алғыс білдіреміз» деген сөздері маған қанат бітіргендей болды.

Небәрі 4 апта жұмыс жасасам да, оқушыларымның және мектеп әкімшілігінің көңілінен шыққаным ризамын. Осылайша, менің кезекті машығым өте сәтті аяқталды.

Әлібек БАКАЕВ,
физика мамандығының 2 курс студенті

2013 жылдың 22 ақпан күні «Ақжайық» спорт клубы және дене тәрбиесі кафедрасының ұйымдастыруымен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арнаған жолдауын жүзеге асыру мақсатында М.Өтемісұлының – 210 жылдығына орай БҚМУ Спорт сарайында ЖОО оқытушылары мен қызметкерлері арасында үстел теннисінен турнир оздырылды.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ӨТКЕН ТУРНИР

Бүгінде кез-келген демалыс орны немесе спорт алаңына бара қалсаңыз, үстелдің екі бетінде жанталасып, жұдырықтай ғана шармен арпалысқан адамдарды көресіз. Бұл ойынмен қалаған жан шұғылдана алады және оны дәрігерлер жақыннан көру дертімен ауыратындарға ем есебінде ойнауға кеңес береді. Егер үстел теннисін әлемдік деңгейдегі спорт түрлерімен қатар алып қарасақ, күрделілігі басқа спорттан кем түспейді.

Турнирде М.Өтемісов атындағы БҚМУ,

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының, Евразия академиясының құрама командалары бақ сынасты. Жарысқа үстел теннисінен Спорт шеберлігіне үміткер А.Х.Жұмағалиев, КСРО спорт шебері А.Бахтияров, волейболдан спорт шеберлігіне үміткер М.А.Исмаков, баскетболдан спорт шеберлігіне үміткер Т.А.Базартаев, футболдан спорт шеберлігіне үміткер А.Жасқайратов, жеңіл атлетикадан I дәрежелі спорт шебері Ж.Төлеутаевалар

қатысты. Қыздар арасында жекелей сында I орынды Т.Тюрина (БҚМУ), II орынды Ж.Төлеутаева (БҚМУ), III орынды Л.Дьярова (БҚГА) иеленді. Ерлер арасында I орынға А.Джумағалиев (БҚМУ) қол жеткізсе, II орынды А.Бахтияров (БҚАТУ) қанжығасына байлады, III орынды А.Нұрғалиев (БҚАТУ) місе тұтты.

Жалпы командалық есеп бойынша I орынға Жәңгір хан атындағы БҚАТУ құрама командасы ие болса, II орынды М.Өтемісов атындағы БҚМУ құрама командасы алды, III орынды БҚГА иеленді.

Студенттік кез, неткен қызық, сол жылдар...

Студенттік кез, неткен қызық сол жылдар, Қайта айналып соқпас сол бір құрғырлар. Қас қағымда өте шығар қол бұлғап, Күтер алдан енді бізді сан жолдар. Студенттік кез - өмірімнің бір бөлшегі. Ажыратар ақ пен қараның өлшемі. Білім дарып, бойыма жігер беретін, Студенттік кез өмірімнің ертеңі.

Студент - болашақ маман иесі, ал білімді маман болу үшін ерінбей-жалықпай білім алуымыз қажет. Сапалы білім – жарқын болашақтың кепілі екені бәрімізге аян.

Мен шалғай ауылда шаң мен шудың арасында қой бағып, ат құлағында ойнап, ержеткен баламын. Мектеп қабырғасында оқып жүрген күннен бастап заң жолы мені қызықтыра бастаған болатын. Орта білімді тәмамдаған соң жоғары білімді құқықтану мамандығы бойынша алуды жөн санадым.

Жолы қиын, жұмбақ тұнған өмірде, Әр адам өз кәсібін іздеуде.

Сөзі нық, тура жолды сілтейтін,

Заңгер керек мына қатал өмірге.

Заңгер болу - ерліктің нақ үлгісі,

Келмейді бірақ ешкім оған сенгісі,

Ақ пен қараны ажыратып отырған,

Заңгерлерім - осы ортаның ұйытқысы,-

деген жыр жолдарынан заңгер болудың өте маңызды екенін түсінеміз.



Студенттің қанатын қатайтып, үлкен өмірдің тура жолын көрсетіп, бағыт сілтейтін дара адам, ол – ұстаз. «Ұстаз - ұлылықтың

иесі» дегендей, әр студентті өз баласындай қорғап жүретін, жүрек жылуын аямайтын дара да дана ұстаздар жетерлік. Осындай ұлы

Қыпшақ дала

Кипит работа повседневно,
Но вот среди обычных дней
Вдруг наступает день рождения,
Чудесный праздник - юбилей!
Хотим Вам пожелать удачи,
Успеха в жизни, ярких дел,
Чтоб Вы с улыбкой - не иначе -
Встречали каждый новый день!

В январе и феврале 2013 года отметили юбилей наши коллеги:

Орлова Лариса Григорьевна – старший преподаватель кафедры физики и математики;

Катчекова Сапира Молдабековна – техника учебного корпуса №3;

Хайруллин Ержан Кажмуратович – сотрудник службы безопасности;

Биалиева Кабира Кабошевна – доцент кафедры русской филологии;

Амельченко Валентин Иванович – заведующий кафедрой географии, доцент;

Тасмагамбетов Асет Сембаевич – первый проректор;

Каргабаев Бейбит Уахитович – сотрудник службы безопасности;

Галимов Малик Ахонович – водитель, хоз. служба.

Поздравляем!

мамандықтың қыр-сырын меңгерген ұлағатты ұстаздардың бірі де бірегейі – құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы Асылбекова Ғалия Әбдіқадырқызы. Ұстазымыздың өткізген әр сабағы, ұйымдастыратын тәрбиелік іс-шаралары студенттерді жақсылыққа баулып, ұйымшыл, отансүйгіш, әділетті, адамгершілігінің мол болуына тәрбиелейді.

Ұстазым - дара адам, дана адам,

Өмірге жеңіл-желпі қарамаған.

Ақындар, батырлар, әкімдер де,

Ең алдымен бас имек бәрі де оған,-

дегендей, студенттердің қамқоршысы бола

білген ұстаздар қауымының абырой-беделі

арта берсін, білім алушы мен білім беруші

арасындағы сыйластық қарым-қатынас үздіксіз

жалғаса берсе демекпін.....

Н.М.САГИДУЛЛИН,

құқықтану мамандығының студенті

Отдых от Жанерке



Одним из главных требований времени является воспитание крепких здоровьем граждан, ведущих здоровый образ жизни. Руководство университета так же одной из приоритетных задач считает воспитание здоровой молодежи, ведущей активный образ жизни, направленное на сохранение и улучшение здоровья.

Казалось бы, обычная девушка, студентка второго курса специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» Тапаева Жанерке, но она смогла показать свою жизненную позицию. Понятие «жизненная позиция» связано с активным, избирательным отношением людей к природе и обществу, способностью человека делать выбор и принимать решения в тех или иных условиях, в том числе и в рамках определенного образа жизни.

Благодаря ее стараниям 16 февраля 50 студентов весело провели свой выходной день на университетской агробиостанции.

Инициативу Жанерке поддержали и деканат, и руководство университета. Выделили автобус, предоставили лыжи. Согласовав программу, ребята собрались в дорогу. Перед отправкой эксперт по гражданской обороне, охране труда и технике безопасности университета Сертеков Сисен Урингалиевич провел со студентами инструктаж.

Программа включала в себя лыжную эстафету, которая предполагала выявление лучших спортсменов. Членами жюри стали руководитель спортклуба Сарсенбаев Турдыбек Куанышович, редактор газеты «Оркен» Марта Орынбасаровна Джумағалиева. Участвовать в состязании хотели буквально все. Уральские студенты посмеивались над студентами, приехавшими из других областей:

-Жаркынбек, да ты в первый раз на лыжи встал, куда тебе с нами тягаться? (Жаркынбек - студент филологического факультета, приехавший из Кызылорды).

-В первый раз я вчера на физкультуре катался, сегодня во второй, - последовал незамедлительный ответ Жаркынбека, уже известного на весь университет своим талантом айтыскера.

Самой Жанерке не удалось покататься на лыжах: пришлось заниматься организационными работами: проследить, удобно ли разместились подруги, по размеру ли достались всем лыжи, вовремя ли подадут чай, чтоб согрелись ребята, подписаны ли похвальные грамоты. Пока решила все вопросы, уже и вечер – пора возвращаться.

Жизнь человека всегда несет на себе отпечаток уровня его развития как личности во всей ее разносторонности. Жанерке на курсах организовала девичий клуб «Томирис», заражая своим энтузиазмом все новых и новых студентов из разных факультетов. Клуб насчитывает более 50 человек.

Не первый год я работаю с молодежью, но не думала, что среди студентов много активных, неравнодушных людей.

Хочу призвать студентов к активной жизни. Личностью не рождаются, ею надо стать!

С.Г. ТУРЕГАЛИЕВА,

заместитель декана филологического факультета

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАҒАЛИЕВА

ТИПШІЛЕР:

Әйгерім ҚАҰЕН, Үміт ЖӨҢПІРОВА

КОРРЕКТОР:

Светлана БЕККУЖИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Жанаман ЕРҒАЛИЕВ

Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.